

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«ҮШҚҰЛЫН ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ ҚҰЖАТТАРЫ**

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі» КММ бойынша
2023-2024 оқу жылдарына
өзін-өзі бағалау бойынша талдамалы анықтама**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі- Бағалау өлшем шарттары), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету депатаментінің басшысы білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» № 20 бұйрығымен бекітілген тізбесін негізінде, 2024 жылдың сәуір айында Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Мектептің аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің 2024 жылғы 1 сәуірдегі № 11-Н бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1. Бейсенбаева Жаннур Манашовна –комиссия төрайымы, басшы.
2. Смекенова Райхан Бекбосыновна- комиссия мүшесі, мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Бораншы Саулегүл- комиссия мүшесі, мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Толегенов Айбол Кайратович- комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрағасы.
5. Жапан Болорма- комиссия мүшесі, ӘБ жетекшісі.

Өзін-өзі бағалау кезеңінде Комиссия келесі критерий бойынша тексеру жүргізілді.

- 1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- 2.Кадрлық құрамға талдау
- 3.Оқу-әдістемелік жұмыс
- 4.Оқу-материалдық талдау
- 5.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

1.БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Мектептің атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі» КММ

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Үшқұлын ауылы, Үшқұлын көшесі, 20 ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон-факс:8(71840)4-02-06
электрондық мекенжайы: ushkulin_sh@mail.ru, білім беру ұйымының сайты: <https://bayanaul.edu.kz/ru/ushkulun?view=featured>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Бейсенбаева Жаннур Манашовна (Баянауыл білім беру бөлімінің 15.01.2021 № 20-Ж бұйрығы)

Құқықтық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 14.0.2021 жылғы БСН 980840000566 анықтамасы: Жарғы, Павлодар облысының қаржы басқармасының бұйрығымен №1 05.01.2021 жылы бекітілген.

Рұқсаттар: лицензия № KZ59RVK00036285

- Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2021 жылғы 14 қаңтардағы анықтама
- «Үшқұлын ЖНББМ» КММ жарғысы Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы 5 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген.
- Тұрақты жерді пайдалану құқығына акт (актіні «ПавлодарЖерҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорын Баянауыл ауданы жер-кадастрлық филиалы» жасады) кадастрлық нөмері 14-205-001-002

Мектептегі білім беру жүйесі мынадай деңгейлерге ие:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (шағын орталық, мектепалды даярлық сынып);

бастауыш білім беру (4 жыл, 1-4 сынып);

негізгі орта білім беру (5 жыл, 5-9 сынып).

Мектеп іске асырады:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын;

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Мектептің мақсаты:

Мектептің мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру және дамыту. Бұл білім беруді ғана емес, сонымен қатар дағдыларды дамытуды, қоғамда табысты бейімделу және әрбір білім алушының әлеуетін жүзеге асыру үшін қажетті құндылықтар мен жеке қасиеттерді қалыптастыруды қамтиды.

Мектеп міндеттері:

1. Оқушылардың сапалы білім алуға ынтасын арттыру, ал мұғалімдердің біліктілігін, педагогикалық шеберлігін ұдайы жетілдіру.
2. Тиімді оқу мен оқушының дамуына ықпал ететін қолдаушы және қауіпсіз оқу ортасын құру.
3. Оқушылардың қабілеттері мен оқу стильдерінің алуан түрлілігін ескеретін оқу материалдары мен әдістерін жасау.
4. Оқуды бітіргеннен кейін табысты мансап пен жеке өмірге қажетті дағдыларды дамытуға көмектесу.
5. Оқуда серіктестік орнату және оқушылардың жетістіктерін қолдау үшін ата-аналар мен қоғамды оқу-тәрбие процесіне тарту.
6. Қазақстандық патриотизмге және азаматтыққа, мемлекеттік рәміздер мен тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қастерлеуге, көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу.

Мектеп құндылықтары:

1. Білімділік: білім мен оқудың тұлғалық және кәсіби даму құралы ретіндегі маңыздылығын тану.
2. Толеранттылық және сыйластық: пікірлердің, мәдениеттері мен нанымдардың алуандығына құрметпен қарауды насихаттау.
3. Адалдық және әдептілік: оқушылардың бойында адалдық, адал еңбек және жауапкершілікті мінез-құлық құндылықтары туралы түсініктерін дамыту.
4. Ынтымақтастық және коммуникация: білім беру ортасында және одан тыс жерлерде ынтымақтастықты, топтық жұмысты және тиімді коммуникацияға ынталандыру.
5. Тұлғалық өсу: оқушылардың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жүзеге асыруына қолдау көрсету, сонымен қатар үнемі жақсаруға ұмтылуды ынталандыру.
6. Инновация және креативтілік: шығармашылық ойлауды, ізденісті және әлемдегі өзгерістерге бейімделуге дайын болуға ынталандыру.

2. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Шағын орталық пен мектепалды даярлық сыныпта 3 тәрбиеші жұмыс істейді. Барлық тәрбиеші – мамандар.

Тәрбиешілердің білімі туралы мәліметтер

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Білімі	Біліктілік санаты	Еңбек өтілі
1	Айнакбаева Гульнар Тохтамысовна	Жоғары, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. "Бастауыш және бастауыш оқыту әдістемесі" мамандығы.	Педагог- модератор, 29.08.2023 ж. № 446 Н- бұйрық	17 жыл
2	Сабитхан Мейрамгул	Арнайы орта, М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	Екінші біліктілік санаты, 28.03.2018 ж. № 83-Н бұйрық	10 жыл
3	Шокина Зару Рахимжановна	Жоғары, Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық институты, «Бастауыш мектеп мұғалімі»	Педагог- модратор 29.08.2023ж. № 466 Н- бұйрық	24 жыл

Тәрбиешілердің 67%-ы жоғары білімді. Еңбек өтілдері 10 жылдан асады.

Тәрбиешілердің курстық қайта даярлау туралы мәліметтер

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Тақырыбы	Өту мерзімі	Сертификат №
1	Айнакбаева Гульнар Тохтамысовна	М.Монтессори жүйесінің тұжырымдамалдық идеяларын енгізу жағыдайында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық процесін басқару	09.10.2020- 20.10.2020 72- сағат	№0216847
2	Сабитхан Мейрамгул	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	03.04.2023- 13.04.2023 72-сағат	№05999686
3	Шокина Зару Рахимжановна	«Мектепалды даярлықтың	11.03.2024- 20.03.2024	№0826009

		тәжірибелік және мазұндық аспектілері»	72-сағат	
--	--	--	----------	--

Тәрбиешілердің 100%-ы курстан уақытылы өтуде.

Бастауыш және негізгі орта білім беру

Мектепте 19 мұғалім жұмыс істейді. Барлық мұғалімдер – мамандар. Штаттық кестеге сәйкес әкімшілік құрамда - басқару персоналы үшін мектеп басшысы мен 2 орынбасары.

Білім беру және педагогикалық жұмыс өтілі әкімшілігі мүшелерінің біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Лауазымдық міндеттері мүшелері мектеп әкімшілігінің арасында дұрыс бөлінген.

Әкімшілік басқару құрамы туралы мәлімет

№	Аты-жөні, қызметі	Білімі	Педагогикалық өтілі	Әкімшілік өтілі	Мамандығы
1	Бейсенбаева Жаннур Манашовна Басшы	С. Торайғыров атындағы Павлодар Педагогикалық Институты, 2000 ж.	23	18	Химия пәні мұғалімі
2	Смекенова Райхан Бекбосыновна Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қарағанды Мемлекеттік Университеті, 1990 ж.	33	17	Математика пәні мұғалімі
3	Бораншы Саулегүл Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Павлодар педагогикалық колледжі, 2006 ж.	17	7	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Педагог қызметкерлердің білім беруі мен сапалық деңгейлері жеткілікті жоғары, барлығы 19 мұғалім:
Жоғарғы біліммен – 16 (84%)

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі

Педагогикалық құрам	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Штаттағы мұғалімдер саны. Оның ішінде білім:	18	19	19
- жоғары білім	15	17	15
- арнайы-орта кәсіптік білім	3	2	4


Педагог қызметкерлерінің білім беру деңгейі жоғары, білімді тұрақты үлесімен сипатталады. Жоғары білімді педагогтар үлесі – 79%, арнайы-орта кәсіптік білімдегі педагогтар -21%.

Әкімшіліктің аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Бұйрық
1	Бейсенбаева Ж. М.	Басшы	Басшы-ұйымдастырушы	29.08.2023 ж. №464-Н бұйрығы
2	Смекенова Р. Б.	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары	06.05.2021 ж. №79-Н бұйрығы
3	Бораншы С.	Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары	06.05.2021 ж. №79-Н бұйрығы

Мұғалімдердің санаттары бойынша үлесі

Педагогикалық құрам	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Штаттағы мұғалімдер саны:	18	19	19
санаты барлар	12	13	12
- педагог-шебер	0	0	0
- педагог-зерттеуші	1	3	2
- педагог-сарапшы	5	5	7
- педагог-модератор	1	1	3
Жоғары санат	3	2	0
Бірінші санат	2	2	0



Мектеп мұғалімдерінің педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санаттардағы үлесі жалпы өсіп келеді.

2021-2022 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің жоғары санатты педагогтар саны - 3 (17%), бірінші біліктілік санатты – 2 (11%), педагог-зерттеуші – 1 (5%), педагог-сарапшы – 5 (28%), педагог-модератор 1(5%).

2022-2023 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің жоғары санатты педагогтар саны - 2 (11%), бірінші біліктілік санатты – 2 (11%), педагог-зерттеуші – 1 (5%), педагог-сарапшы – 5 (26%), педагог-модератор (5%).


2023-2024 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің педагог-зерттеуші – 2 (11%), педагог-сарапшы – 7 (37%), педагог-модератор 3 (16%).

Педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санаттағы мұғалімдердің өсу динамикасы байқалады. Бұл мұғалімдердің облыс және аудандық деңгейлерінде белсенді екендерін дәлелдейді.

Осылайша, 9 (47%) мектеп мұғалімдері педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы санаттарды құрайды, ол дегеніміз - білім беру қызметтері мен міндеттерін сапасын арттыруда.

Педагогикалық өтілім бойынша мұғалімдердің үлесі

Педагогикалық құрам	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Штаттар бойынша мұғалімдер саны. Оның ішінде өтілім:	18	19	19
3-жылдан кем	5	2	3
3-8 жылға дейін	2	5	6
9-16 жылға дейін	3	4	3
17-20 жылға дейін	0	0	1
20 жылдан жоғары	8	8	6



2021-2022 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің педагогикалық еңбек өтілі бойынша 0-3 жылдағы педагогтар үлесі - 28%, 3-8 жылдағы педагогтар үлесі – 11%, 9-16 жылдағы педагогтар үлесі - 17%, 17-20 жылдағы педагогтар үлесі – 0%, 20 –дан артық педагогтар үлесі - 44%.

2022-2023 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің педагогикалық еңбек өтілі бойынша 0-3 жылдағы педагогтар үлесі - 11%, 3-8 жылдағы педагогтар үлесі – 26%, 9-16 жылдағы педагогтар үлесі - 21%, 17-20 жылдағы педагогтар үлесі – 0%, 20 –дан артық педагогтар үлесі - 42%.

2023-2024 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің педагогикалық еңбек өтілі бойынша 0-3 жылдағы педагогтар үлесі - 16%, 3-8 жылдағы педагогтар үлесі – 32%, 9-16 жылдағы педагогтар үлесі - 16%, 17-20 жылдағы педагогтар үлесі – 5%, 20 –дан артық педагогтар үлесі - 32%.

Мұғалімдердің еңбек өтілі бойынша жетілу тәжірибелері мол екендігін көрсетеді. 20 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдер - 6 (31%) құрайды. 9 жылға дейін еңбек өтілі бар мұғалімдер саны – 9 (47%) құрайды, бұл педагогикалық шеберлікті әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық кадрларды аттестаттау жоспарлы жүргізілуде. Соңғы үш жылда жоспарлы аттестаттаудан 13 мұғалім өтті, бұл құжатпен расталды. Барлық құжаттама аттестаттауды өткізу шарттарын және педагог қызметкерлер ҚР білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген аттестаттау ережесіне сәйкес келеді. Жыл сайын мұғалімдердің шығармашылық және кәсіби әлеуеті артуда.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Аттестаттаудан өткен	0	7	5
Санатын көтергендер	0	7	5
Педагог-зерттеуші	0	1	0
Педагог-сарапшы	0	1	0
Педагог-модератор	0	5	5

2021-2022 оқу жылында мерзімі бойынша аттесттаудан өтетін педагогтар болмады. Педагогикалық кадрларды аттестаттау жоспары құрылған. Аттестаттау комиссия отырыстарының хаттамалары жазылады, бұйрықтар шығарылады, біліктілік куәліктері мен еңбек кітапшаларына аттестаттау санаты жазылып отырады.

Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру үшін нәтижелілік жұмысына, мұғалімдерді қайта даярлау курсынан өтуге көп көңіл бөлінеді. Барлық мұғалімдер уақытында курстық дайындықтан өтіп отырады.

Соңғы үш жылда мұғалімдерді қайта даярлау курсынан барлық мұғалімдер өтті.

Әкімшіліктің курстық қайта даярлау туралы мәліметтер

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Өту мерзімі	№ сертификат
1	Бейсенбаева Ж. М.	Басшы	15.04-26.04.2024	0826757
2	Смекенова Р. Б.	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	19.04-30.04.2021	0426949

3	Бораншы С.	Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	11.03-15.03.2024	0040756
---	------------	--	------------------	---------

Педагогтардың курстық қайта даярлау туралы мәліметтер

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Өту мерзімі	№ сертификат
1	Абусейтов Б. К.	География пәнінің мұғалімі	11.03-27.03.2024	GRFXI1HP24
2	Ақберген А. А.	Бастауыш сынып мұғалімі	23.01-10.02.2023	410251340
3	Арыкпанова Т.	Биология пәнінің мұғалімі	13.09-24.09.2021	0459299
4	Бейсенбаева Ж. М.	Химия пәнінің мұғалімі	08.04-19.04.2024	ZNHQTOFY24
5	Бесембай Т. Б.	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	01.04-12.04.2024	R8UAI7SM24
6	Бещенбаева К. Н.	Бастауыш сынып мұғалімі	20.02-03.03.2023	102314
7	Бораншы С.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	21.08-01.09.2023	0708615
8	Дулат М. Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	15.04-26.04.2024	MLCPFPTQ24
9	Жапан Б.	Бастауыш сынып мұғалімі	22.01-01.02.2024	043102
10	Кенжехан А.	Технология пәнінің мұғалімі	Жоқ	Жоқ
11	Максүтова Б. Б.	Орыс тілі пәнінің мұғалімі	18.04-29.04.2022	0517756
12	Мирзабаев Б. Б.	Тарих пәнінің мұғалімі	03.10-1.10.2022	0599055
13	Мунталиев Б.	Музыка пәнінің мұғалімі	26.06-05.07.2023	0707826
14	Мухаметхан Н.	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	20.02-03.03.2023	00006435
15	Окенов Н. А.	Технология пәнінің мұғалімі	Жоқ	Жоқ
16	Смекенова Р. Б.	Математика пәнінің мұғалімі	04.04-15.04.2022	0517611
17	Сүлейменова Д. Е.	Орыс тілі пәнінің мұғалімі	Жоқ	Жоқ
18	Толегенов А. К.	Математика пәнінің мұғалімі	06.11-17.11.2023	0711060
19	Тусупбекова Т. Е.	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі	01.03-15.03.2024	070935

Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер

№	Педагог	Қызметі	Оқу жүктемесі
1	Жумабаева Айман	Физика пәнінің мұғалімі	6 сағат
2	Кенжехан Арнауль	Технология пәнінің мұғалімі	7 сағат
3	Максутова Ботағоз Бауртаевна	Орыс тілі пәнінің мұғалімі	9 сағат
4	Окенов Нариман Амангельдинович	Технология пәнінің мұғалімі	7 сағат
5	Сулейменова Диана Ернарвна	Орыс тілі пәнінің мұғалімі	10 сағат

Аудандық және облыстық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер

2021-2022 оқу жылы

Р/с	Жетекші	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Іс-шара	Нәтиже
1.	Бораншы Саулегул	Аблай Мөлдір	6-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
2.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Ағайынқызы Алтыннұр	5-сынып	«Ұлы даланың жеті қыры» атты экскурсиялық жобаларының облыстық сайысы	Қатысушы сертификат
3.	Шокина Зару	Азнасир Баян	4-сынып	9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай өткізілген «Бейбіт күн жасасын әлемде» атты онлайн мәнерлеп оқу сайысы	Мадақтама грамота 2-орын
4.	Шокина Зару Рахимжановна	Айым Абылай	4-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Қатысушы сертификаты
5.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Аманбек Жеңіс	9-сынып	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңі «Қолданбалы математика» секциясы бойынша	Мадақтама грамота 1-орын

6.	Бораншы Саулегул	Амангелды Нурислам	6-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
7.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Женис Сапашова		«Мы с природой дружим, мусор нам не нужен» III исследовательский марафон EcoldeaChallenge	2-дәрежелі диплом
8.	Бораншы Саулегул	Жеңіс Ақерке	8-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Сағынтай Марғұлан	8-сынып	«Ұлы даланың жеті қыры» аатты экскурсиялық жобаларының облыстық сайысы	3-дәрежелі диплом
9.	Мухамедхан Нұрдаулет	Сағынтай Марғұлан	8-сынып	«Ойынды кино» бағыты бойынша аудандық Шәкен Айманов оқулары	3-дәрежелі диплом
10.	Бахыт Харлығаш	Сағынтай Марғұлан	8-сынып	«Ер Едіге» жырын жатқа айтудан «Qazaq Epos» республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауы	Қатысқаны үшін диплом
11.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Сапаш Даяна	3-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
12.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Сапаш Даяна	3-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Қатысушы сертификаты
13.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Сапашов Женис	9-сынып	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде «Биология» секциясы	Мадақтама грамота 1- орын

				бойынша	
14.	Арыкпанова Толкын Гаппсовна	Талғат Азамат	6-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
15.	Арыкпанова Толкын Гаппсовна	Хосылбай Хурметбек	8-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
16.	Бораншы Саулегул	Хосылбай Хурметбек	8-сынып	Аудандық «М.Мақатаев оқуларында» «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» бағыты бойынша	3-дәрежелі диплом
17.	Бораншы Саулегул	Хосылбай Хурметбек	8-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
18.	Бораншы Саулегул	Храпач Аркадий	9-сынып	«13-17 жас аралығындағы өзге ұлт өкілдері» арасында өткен қазақ тілі бойынша аудандық сайыс	Мадақтама грамматасы 1- орын

2022-2023 оқу жылы

Р/с	Жетекші	Оқушы аты- жөні	Сыныбы	Іс-шара	Нәтиже
1.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Аблай Мөлдір	7-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3-дәрежелі диплом
2.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Әзнасир Айбота	1-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1-дәрежелі диплом
3.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бахадир Гулдана	1-сынып	Республикалық «Мұқағали – мәңгілік жыр» атты Мұқағали оқулары байқауы	Бас жүлде дипломы
4.	Бещенбаева Кенжегуль	Мирам Асанәлі	4-сынып	«Кенгуру – математика барлығы үшін»	1-дәрежелі диплом

				зиялы ойын-конкурсы	
5.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Мирам Асанәлі	4-сынып	Халықаралық «Пони» байқауы	Қатысушы сертификат
6.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Сағынтай Марғұлан	9-сынып	Аудандық ғылыми жоба байқауы "Таза«табиғи орта» Қазақстан - 2030 стратегиясын іске асыру бағыты бойынша	3-дәрежелі диплом
7.	Бейсенбаева Жаннур Манашовна	Сағынтай Марғұлан	9-сынып	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңі	3-дәрежелі диплом
8.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Сапаш Даяна	4-сынып	Аудандық «Республикалық балалар оқулары» байқауы	Мадақтама грамота 2- орын
9.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Сапаш Даяна	4-сынып	Аудандық «Алтын сақа» олимпиадасын математика пәнінен	Мадақтама грамота 3- орын
10.	Бейсенбаева Жаннур Манашовна	Хавдалұлы Абдулғазиз	7-сынып	«Зерде» республикалық байқауының аудандық кезеңінде робототехника бағыты бойынша	1-дәрежелі диплом
11.	Арыкпанова Толкын	Хосылбай Хұрметбек	9-сынып	Аудандық ғылыми жоба байқауы	3-дәрежелі диплом

				"Таза«табиғи орта» Қазақстан - 2030 стратегиясын іске асыру бағыты бойынша	
12.	Арыкпанова Толкын	Хосылбай Хұрметбек	9-сынып	«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар форумы	Қатысу сертификаты
13.	Арыкпанова Толкын	Хосылбай Хұрметбек	9-сынып	«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, эколог тар мен табиғат зерттеушілерінің облыстық форумының аудандық кезеңі	«Zhasyl Eл» номинациясы бойынша 1-дәрежелі диплом

2023-2024 оқу жылы

Р/с	Жетекші	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Іс-шара	Нәтиже
1.	Бораншы Саулегул	Ағайынқызы Алтыннұр	7-сынып	Мағжан Жұмабаев атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің аудандық байқауы	Алғыс хат
2.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Ағайынқызы Алтыннұр	7-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3-дәрежелі диплом
3.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Ағайынқызы Балжан	2-сынып	«Кенгуру» ойын-конкурсы	3-дәрежелі диплом
4.	Бораншы Саулегул	Ағайынқызы Балжан	2-сынып	«Мың бала» республикалық «Мақатаев оқулары»	3-дәрежелі диплом

				конкурсы	
5.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Азнасир Баян	6-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3-дәрежелі диплом
6.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Айболатұлы Ернұр	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
7.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Айболатұлы Ернұр	2-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
8.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Айболатұлы Дамир	2-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
9.	Жапан Болорма	Аманбек Дамыс	4-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
10.	Жапан Болорма	Аманбек Дамыс	4-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	1-дәрежелі диплом
11.	Шокина Зәру Рахимжановна	Амангелді Нұрәлі		Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
12.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Әзнасир Айбота	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
13.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бахадир Гулдана	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
14.	Ақберген Айдана	Бахадир Гулдана	2-сынып	«Суретші балақай» атты	1-дәрежелі диплом

	Аманбекқызы			республикалық байқау	
15.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бахытханұлы Дидар	1-сынып	Аудандық «Жаузқазын» олимпиадасы	3-дәрежелі диплом
16.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бахытханұлы Дидар	1-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2-дәрежелі диплом, қатысушы сертификат
17.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бахытханұлы Дидар	1-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом, қатысушы сертификат
18.	Шокина Зару	Болатбек Жантөре	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
19.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Болатбек Жантөре	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
20.	Жапан Болорма	Бораншы Перизат	4-сынып	«Суретші балақай» атты республикалық байқау	1-дәрежелі диплом
21.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бұлғынбай Нұрасыл	1-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1-дәрежелі диплом, қатысушы сертификат
22.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бұлғынбай Нұрасыл	1-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	1-дәрежелі диплом, қатысушы сертификат
23.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бұлғынбай Нұрасыл	1-сынып	«Суретші балақай» атты республикалық байқау	1-дәрежелі диплом, қатысушы сертификат

24.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Жомартқызы Айару	2-сынып	«Суретші балақай» атты республикалық байқау	1-дәрежелі диплом
25.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Жомартқызы Айару	2-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
26.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Жанболатқызы Балаусы	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
27.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Минап Мадина	7-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3-дәрежелі диплом
28.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Нұрлан Жібек	1-сынып	«Суретші балақай» атты республикалық байқау	1-дәрежелі диплом
29.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Нұрланқызы Жібек	1-сынып	«Мың бала» республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсы	Диплом 1- орын, сертификат
30.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Сағынтай Райана	2-сынып	Республикалық «Ақбота» онлайн интеллектуалды- логикалық олимпиадасы	2-дәрежелі диплом
31.	Шокина Зару Рахимжановна	Сағынтай Райана	2-сынып	«Кенгуру» ойын- конкурсы	3-дәрежелі диплом
32.	Бораншы Саулегул	Сапаш Дина	9-сынып	Аудандық ІХ Сұлтанмахмұт оқуларында «Мен, балаң, жарық күннен сәуле құған...»	Номинация «Тапқыр ой»

33.	Бораншы Саулегул	Тойғабыл Жұлдыз	7-сынып	Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің аудандық байқауы	Алғыс хат
34.	Бораншы Саулегул	Тойғабыл Жұлдыз	7-сынып	Аудандық ІХ Сұлтанмахмұт оқулары «Өлең – сөздің патшасы...» секциясы	3-дәрежелі диплом
35.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Тойғабыл Жұлдыз	7-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3-дәрежелі диплом

Мұғалімдердің жетістіктері

2021-2022 оқу жылы

Р/с	Мұғалімнің аты- жөні	Беретін пәні	Іс-шара	Нәтиже	Номері
1.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Авторлық бағдарлама жариялағаны үшін	Алғыс хат	000501
2.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтердің цияфрлық құзырлығын дамыту тақырыбында біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	076812
3.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Биология пәні мұғалімі	«Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты курс аясында «Биология пәнінің мазмұндық аспектілерін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері»	Қуәлік	

			тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті		
4.	Арыкпанова Толкын Гаппасовна	Биология пәні мұғалімі	Региональная исследовательская конференция EcoIdeaChallenge 2021	Алғыс хат	
5.	Арыкпанова Толкын	Биология пәні мұғалімі	Облыстың білім саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен кәсіптік қызметіндегі жоғары көрсеткіші үшін	Құрмет грамотасы	
6.	Арыкпанова Толкын	Биология пәні мұғалімі	«Балалар жылы» аясында дарынды оқушыларды және жас ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамытқаны үшін	Мадақтама грамота	
7.	Арыкпанова Толкын	Биология пәні мұғалімі	Білім беру жүйесін дамытудағы сіңірген еңбегі, саналы білім беруде қол жеткізген табыстары, педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығы, кәсіби жетістіктері үшін	Құрмет грамотасы	
8.	Арыкпанова Толкын	Биология пәні мұғалімі	Еңбектегі адалдық пен кәсіби шеберлігіңіз үшін, 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай	Алғыс хат	
9.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш мұғалімі	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту тақырыбында біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	116967
10.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш мұғалімі	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық	Сертификат	

			шеберлік орталығы өткізген «Мектеп оқушыларының функционалды сабаттылығын дамыту» тақырыбындағы онлайн-семинар		
11.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш мұғалімі	Баянауыл ауданының білім беру саласының дамуына қосқан жеке үлесі үшін	Алғыс хат	
12.	Бораншы Саулегул	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының облыстық кезеңінің қатысушысы	Сертификат	3463
13.	Бораншы Саулегул	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Баянауыл ауданының білім беру саласының дамуына қосқан жеке үлесі үшін	Алғыс хат	
14.	Жапан Болорма	Бастауыш мұғалімі	Баянауыл ауданының білім беру саласының дамуына қосқан жеке үлесі үшін	Алғыс хат	
15.	Жапан Болорма	Бастауыш мұғалімі	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Мектеп оқушыларының функционалды сабаттылығын дамыту» тақырыбындағы онлайн-семинар	Сертификат	
16.	Мирзабаев Бекмухаммед Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	Баянауыл ауданының білім беру саласының дамуына қосқан жеке үлесі үшін	Алғыс хат	

17.	Мирзабаев Бекмухаммед Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	Е.Бекмаханұлы атындағы Республикалық Қазақстан тарихы олимпиадасы	Құрмет грамотасы	А-002
18.	Мирзабаев Бекмухаммед Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	Аудандық педагогикалық тамыз конференциясы «Қазақстанның ұлттық басымдығы: балалар және білім» секциясы	Сертификат	
19.	Мырзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	Аудандық Шахмат жарысында	Мадақтама 2- орын	
20.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	«Педагогикалық шеберлік» облыстық конкурсы	Диплом 3- орын	203444
21.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	«Білім берудегі ақпараттық- коммуникациялық технологиялар» Ertis Digital Ustaz облыстық қашықтық конкурсы	Сертификат	
22.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	«Педагогикалық дуэт- 2022» облыстық конкурсы	Сертификат	5427
23.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	«Ақылды ұрпақ» атты облыстық форумға мақала ұсынғаны үшін	Сертификат	3530
24.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту тақырыбында біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	113763
25.	Шокина Зару Рахимжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	16b5201b 4

26.	Шокина Зару Рахимжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбындағы онлайн-семинар	Сертификат	
27.	Шокина Зару Рахимжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту тақырыбында біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	104735

2022-2023 оқу жылы

Р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Беретін пәні	Іс-шара	Нәтиже	Номері
1.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	410251340
2.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтарға арналған республикалық онлайн-олимпиада: «Кәсіби құзыреттілік: бастауыш сыныптардың мұғалімі»	Диплом 1-орын	754
3.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш білім беру педагогикасы» пәні бойынша бастауыш сынып мұғалімдері арасында ұйымдастырылған	3-дәрежелі диплом, сертификат	D-268535

			Республикалық қашықтық олимпиадасы		
4.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында педагогтің заманауи құзыреттерін ұалыптастыру» тақырыбында курс	Сертификат	531006
5.	Арыкпанова Толкын	Биология пәні мұғалімі	«Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» атты облыстық конкурсы	Грамота: «Үміткер» номинациясы	
6.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсы	Сертификат	102314ge
7.	Бораншы Саулегул	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Педагогикалық шеберлік» облыстық конкурсы	Диплом 3-орын	
8.	Жапан Болорма	Бастауыш сынып мұғалімі	«Математика сабағында оқушылардың құзыреттілігін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту құралы» атты әдістемелік құралын баспадан шығарды	Сертификат	0700109
9.	Жапан Болорма	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш білім беру педагогикасы» пәні бойынша бастауыш сынып мұғалімдері арасында ұйымдастырылған Республикалық	Сертификат 2-дәрежелі диплом	C-269105 D-269105

			қашықтық олимпиада		
10.	Жапан Болорма	Бастауыш сынып мұғалімі	«Самғау үздік тәлімгер» Республикалық ғылыми-әдістемелік шығармашылық бағыттағы журналына педагогикалық маатериал ұсынды	Сертификат	000004
11.	Мирзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі –білім беру сапасының негізі» облыстық семинарында «Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы» тақырыбында коучинг	Куәлік	205127
12.	Мырзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	Аудандық Шахмат жарысында	Мадақтама 1- орын	
13.	Мырзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	«Оқушыларда жаһанды құзыреттерді қалыптастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар» атты Республикалық онлайн семинар	Сертификат	
14.	Мырзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Тарих пәнінің мұғалімі	«Сандық білім беру ресурстарының білім сапасын арттыру құралы ретінде пайдалануы» тақырыбындағы облыстық семинарда тәжірибесімен бөлісті	Сертификат	61319

15.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	«Математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» курсы	Сертификат	0517611
16.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	Республиканский семинар «Разработка авторских программ»	Сертификат	191
17.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	Международный семинар на тему «Концепции и подходы международного исследования PISA»	Сертификат	744
18.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	Республиканский вебинар «О решении олимпиадных задач по математике»	Сертификат	
19.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	«Функционалдық сауаттылық: заманауи тәжірибедегі сын- қатерлер және тиімді тәжірибелер» атты облыстық вебинар аясында «Контекстік есептер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде» тақырыбында тәжірибесімен бөлісті	Куәлік	
20.	Смекенова Райхан Бекбосыновна	Математика пәнінің мұғалімі	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша семинар-практикум	Сертификат	230927566
21.	Шокина Зару	Бастауыш сынып	«Шағын жинақтық мектептерде пән	Сертификат	

	Рахымжановна	мұғалімі	мұғалімдері мен ата-аналардың оқушыларды кітап оқуға ынталандыру жолдары» тақырыбында өткен аудандық семинар		
22.	Шокина Зару Рахымжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің «Математика», «Қазақ тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	Сертификат	0598002
23.	Шокина Зару Рахымжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Аудандық «Бүлдіршін» фестивалі	Сертификат	
24.	Шокина Зару	Бастауыш сынып мұғалімі	«Uzdik uztaz» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналына оқу әдістемелік материал жариялау	Сертификат	0001863

2023-2024 оқу жылы

Р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Беретін пәні	Іс-шара	Нәтиже	Номері
1.	Ақберген Айдана Аманбекқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Суретші балақай» атты республикалық байқау	Алғыс хат	099129
2.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Суретші балақай» атты республикалық байқау	Алғыс хат	099103
3.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Цифрлық білім беру технологиялары – шағын жинақты мектепте оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі»	Сертификат	209144

			атты облыстық вебинар		
4.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Педагогикалық практикада ХХІ ғасырдағы білім алушылардың дағдыларын дамыту» атты облыстық вебинар	Куәлік	209197
5.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	“Ustaz tilegi” Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының басылымына оқу әдістемелік материал жариялады	Сертификат	MS-329702
6.	Бещенбаева Кенжегуль Нуртаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымжастыруымен өткен «Мақатаев оқулары» конкурсы	Алғыс хат	MOJ-001588
7.	Бораншы Саулегул	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымжастыруымен өткен «Мақатаев оқулары» конкурсы	Алғыс хат	MOJ-001676
8.	Бораншы Саулегул	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Цифрлық білім беру технологиялары – шағын жинақты мектепте оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі» атты облыстық вебинар	Сертификат	209142

9.	Дулат Мөлдір Теміртасқышы	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Педстарт» республикалық қашықтықтан олимпиадасы	3-дәрежелі диплом, сертификат	Efff28
10.	Мирзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Тарих пәні мұғалімі	«Аудан әкімі кубогі-2023» турнирі	Диплом 2-орын	
11.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Ағылшын пәні мұғалімі	«Ағылшын тілі мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсы	Анықтама	JOIZTLHA2 4
12.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Ағылшын пәні мұғалімі	«Педагогикалық практикада ХХІ ғасырдағы білім алушылардың дағдыларын дамыту» атты облыстық вебинар	Куәлік	209206
13.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Ағылшын пәні мұғалімі	Республикалық «Үздік жас маман» атты педагогикалық байқау	Сертификат	00IDC1271
14.	Тусупбекова Тоғжан Ерланқызы	Ағылшын пәні мұғалімі	«Педстарт» республикалық қашықтықтан олимпиадасы	2-дәрежелі диплом, сертификат	376476
15.	Шокина Зару Рахымжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Педстарт» республикалық қашықтықтан олимпиадасы	Сертификат	01021

Қорытынды.

Біздің педагогтарымыздың көпшілігі жоғары деңгейдегі білім мен кәсіби тәжірибеге ие. Педагогикалық құрамның 80% -дан астамы тиісті салада жоғары білімі бар, сондай-ақ 5 жылдан 20 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар. Сондай-ақ педагогтардың едәуір бөлігінің педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілік санаты бар.

Соңғы екі жыл ішінде мектептің педагог қызметкерлерінің 100% -ы Білім министрлігінің талаптарына сәйкес курстық қайта даярлаудан өтті. Бұл оларға соңғы білім беру үрдістері мен әдістемелерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

Мектептегі педагогтардың сапалық құрамы білім берудің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді. Біздің педагогтарымыз оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, кәсіби құзыреттілікке ие. Олар өздерінің пәндік салаларында қажетті білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

Біздің педагогтар материалды оқытып қана қоймай, қазіргі заманғы оқыту әдістемелерін қолдана отырып, оқушылармен белсенді жұмыс істеуде. Олар әрбір оқушының қажеттілігін ескере отырып, оқу процесін дараландыруға дайын.

Біз сондай-ақ педагогтарымыздың кәсіби дамуына үлкен көңіл бөлеміз. Олар семинарларға, тренингтерге және біліктілікті арттыру курстарына қатыса отырып, өздерінің дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіріп отырады. Бұл оларға соңғы білім беру үрдістері мен үздік практикалардан хабардар болуға мүмкіндік береді, бұл біздің оқушыларымызға ұсынатын білім сапасына әсер етеді.

Жалпы талдау біздің мектептің педагогикалық ұжымы жоғары біліктілік деңгейіне ие, сондай-ақ жалпы білім беру міндеттеріне қол жеткізу мақсатында тиімді өзара іс-қимыл жасайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Үшқұлын» шағын орталығы

Оқу жылы	Жалпы тәрбиеленуші саны	Оның ішінде				Ерекше білім беру қажеттілігі бары
		2-жас	3-жас	4 -жас	5-жас	
2021-2022	20	2	7	7	4	-
2022-2023	20	6	5	5	4	2
2023-2024	18	-	8	2	8	2

Мектепалды дярлық сынып

Оқу жылы	Жалпы тәрбиеленуші саны	Бала саны
		6-жас
2021-2022	4	4
2022-2023	4	4
2023-2024	9	9

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәлімттер

№	Оқу жылы	Кезең басында	Келген	Кеткен	Кезең соңында
1	2021-2022	20	3	3	20
2	2022-2023	20	1	5	16
3	2023-2024	17	4	3	18


Бастауыш және негізгі орта білім беру

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары - білім беру саласының қолжетімділігін және сапасын, білім беру процесінің субъектілерінің оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру - мектептің негізгі міндеттерінің қатарында. Тексеру барысында ұсынылған құжаттар, ақпараттар материалдарын зерделегенде, жалпыға бірдей білім беру және ұйымдастыру бастамасына қатысты барлық нормативтік құжаттар бар екендігін көрсетті.

Мектепке оқушыларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылар саны

Оқу жылы	Оқушылар саны	1-4 – сыныптар	5-9 - сыныптар	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар
2021-2022	33	11	22	1
2022-2023	33	11	22	0
2023-2024	44	20	24	0



Сыныптардың толымдылығы орташа көрсеткіштен бойынша тұрақты және белгіленген стандарттарға сай.

Білім беру деңгейлері	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	сынып комплекті	оқушылар саны	сынып комплекті	оқушылар саны	сынып комплекті	оқушылар саны
Бастауыш	3	11	3	11	3	20
Негізгі	4	22	4	22	4	24
Барлығы	7	33	7	33	7	44

2021-2022 оқу жылында жалпы 33 оқушыдан 8 сынып, орта буынды біріктіргенде 7 комплектілі сынып. Білім беру баспалдағы бойынша білім алушылар контингентінің орналасуы: бастауыш буын (1-4 – сыныптарда) 11 оқушы білім алады (33%), негізгі буында (5-9 – сыныптарда) 22 оқушы білім алады (67%).

2022-2023 оқу жылында жалпы 33 оқушыдан 8 сынып, бастауыш буынды біріктіргенде 7 комплектілі сынып. Білім беру баспалдағы бойынша білім алушылар контингентінің орналасуы: бастауыш буын (1-4 – сыныптарда) 11 оқушы білім алады (33%), негізгі буында (5-9 – сыныптарда) 22 оқушы білім алады (67%).

2023-2024 оқу жылында жалпы 44 оқушыдан 8 сынып, бастауыш және орта буынды біріктіргенде 7 комплектілі сынып. Білім беру баспалдағы бойынша білім алушылар контингентінің орналасуы: бастауыш буын (1-4 – сыныптарда) 20 оқушы білім алады (45%), негізгі буында (5-9 – сыныптарда) 24 оқушы білім алады (55%).

Мектеп 2 ауысымда жұмыс атқарады.

Білім беру деңгейлері	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы

	1-ауысым	оқушылар саны	2-ауысым	оқушылар саны	1-ауысым	оқушылар саны	2-ауысым	оқушылар саны	1-ауысым	оқушылар саны	2-ауысым	оқушылар саны
Бастауыш	1	4	2	7	2	8	1	3	2	10	1	10
Негізгі	5	22			5	22			5	24		
Барлығы	6	26	2	7	7	30	1	3	7	34	1	10

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

2021-2022 оқу жылы

Сынып	Кезең басы	Келген	Кеткен	Кезең соңы
2	4	0	0	4
3	3	0	0	3
4	4	0	2	2
2-4 сынып	11	0	2	9
5	4	1	1	4
6	5	2	0	7
7	6	0	1	5
8	4	0	1	3
9	3	0	0	3
5-9 сынып	22	3	3	22
Барлығы	33	3	5	31

2022-2023 оқу жылы

Сынып	Кезең басы	Келген	Кеткен	Кезең соңы
1	5	0	0	5
3	3	0	1	2
4	3	0	0	3
2-4 сынып	11	0	1	10
5	2	0	0	2
6	4	0	1	3
7	7	0	1	6
8	5	0	0	5
9	4	0	0	4
5-9 сынып	22	0	2	20
Барлығы	33	0	3	30

2023-2024 оқу жылы

Сынып	Кезең басы	Келген	Кеткен	Кезең соңы
1	4	2	0	6
2	5	5	0	10
4	3	1	0	4
2-4 сынып	12	8	0	20
5	3	1	0	4
6	2	1	0	3
7	4	1	0	5
8	6	0	0	6
9	5	1	0	6
5-9 сынып	20	4	0	24
Барлығы	32	12	0	44

Қорытынды:

Мектепте білім беру процесінің субъектілерінің оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, білім беру қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін - мектептегі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын іске асыру үшін жағдай жасалған.

Жалпы талдау соңғы үш жылда біздің мектепте білім алушылар контингентінің тұрақтылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл педагогикалық ұжымның сапалы жұмысы мен ата-аналар мен оқушылар тарапынан сенімнің айғағы.

Мектептегі білім алушылар контингенті тұрақты. Соңғы үш жыл ішінде білім алушылар саны өсуде. 1-сыныпқа қабылданушылар саны артуда. Ауылға жаңа тұрғындардың келуі халықтың өсуіне және мектепте оқытындардың өсуіне ықпал етеді.

4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу

2021-2022 оқу жылы

Шағын орталықтың жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалған.

№	Білім беру салалары/	Жас тобы

	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Кіші топ (2 жастан бастап)	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Ересек топ (4 жастан бастап)
1	«Денсаулық»	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-	-
2	«Қатынас»	1	2	2,5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-
	Орыс тілі	-	0,5	0,5
3	«Таным»	2	2,5	2,5
	Математика негіздері	-	1	1
	Сенсорика	0,5	-	-
	Құрастыру	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	1	1	1
4	«Шығармашылық»	3	3	3,5
	Сурет салу	1	1	1
	Мүсіндеу	0,25	0,25	0,5
	Жапсыру	0,25	0,25	0,5
	Музыка	1,5	1,5	1,5
5	«Әлеумет»	-	0,5	0,5
	Өзін-өзі тану	-	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	-	0,5	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	9	11	12
8	Вариативтілік компонент*	-	1	2
	Шебер қолдар			1
	Ұлттық ойындар		1	1
9	Барлығы	9	12	14

Вариативтік компоненттің 3 апталық сағат келесі таңдау бойынша сабақтардың оқытылуына берілді:

- ортаңғы топ «Ұлттық ойындар» - 1 сағат;
- ересек топ «Шебер қолдар» - 1 сағат;
- ересек топ «Ұлттық ойындар» - 1 сағат.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалған.

Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)
--	--

1	«Денсаулық»	3
	Дене шынықтыру	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5
2	«Қатынас»	5
	Сөйлеуді дамыту	1
	Көркем әдебиет	1
	Сауат ашу негіздері	2
	Орыс тілі	1
3	«Таным»	2,5
	Математика негіздері	1
	Сенсорика	-
	Құрастыру	0,5
	Жаратылыстану	1
4	«Шығармашылық»	5
	Сурет салу	1
	Мүсіндеу	1
	Жапсыру	1
	Музыка	2
5	«Әлеумет»	1,5
	Өзін-өзі тану	1
	Қоршаған ортамен танысу	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	20-30 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	17
8	Вариативтілік компонент*	3
	Ұлттық ойындар	1
	Шебер қолдар	1
	Өлкетану	1
9	Барлығы	20

Вариативтік компоненттің 3 апталық сағат (жылдық жүктемесі – 96 сағат) келесі таңдау бойынша сабақтардың оқытылуына берілді:

«Ұлттық ойындар» - 1 сағат;

«Шебер қолдар» - 1 сағат;

«Өлкетану» - 1 сағат.

Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының нұсқаулық-әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесінің негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспарлары инвариативтік және вариативтік компоненттердің апталық және жылдық жүктемесі бар білім беру салалары мен оқу пәндері көрсетілген үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын педагогикалық кеңестің отырысында талқыланады.

Бастауыш білім берудің жұмыстық оқу жоспары жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021

жылғы 20 қаңтарда № 415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалған.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат	
		2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент						
	Тіл және әдебиет	11	11	11	33	1122
1	Қазақ тілі	4	4	4	12	408
2	Әдебиеттік оқу	3	3	3	9	306
3	Орыс тілі (Я2)	2	2	2	6	204
4	Ағылшын тілі	2	2	2	6	204
	Математика және информатика	4	6	6	16	544
5	Математика	4	5	5	14	476
6	Цифрлық сауаттылық	-	1	1	2	68
	Жаратылыстану	1	2	2	5	170
7	Жаратылыстану	1	2	2	5	170
	Адам және қоғам	2	2	2	6	204
8	Дүниетану	1	1	1	3	102
9	Өзін-өзі тану	1	1	1	3	102
	Технология және өнер	2	2	2	6	204
10	Музыка	1	1	1	3	102
11	Көркем еңбек	1	1	1	3	102
	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306
12	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306
	Инварианттық оқу жүктемесі	23	26	26	75	2550
	Дамытушылық сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	3	102
	Қазақ тілі. Көркем жазу	1			1	34
	Математика. Есептерге машықтандыру		1		1	34
	Математика. Ғажайып математика			1	1	34
	Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	3	102
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	24	27	27	78	2652

Вариативтік компоненттің 3 апталық сағат (жылдық жүктемесі – 102 сағат) келесі таңдау бойынша сабақтардың оқытылуына берілді:

2-сыныпта: «Көркем жазу» - 1 сағат;

3-сыныпта: «Есептерге машықтандыру» - 1 сағат;

4-сыныпта: «Ғажайып математика» - 1 сағат.

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамызда № 415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде құрылды.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
18	Музыка	1	1				2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
	Инварианттық оқу жүктемесі	29	29	32	33	34	157	5338
Вариативтік компонент								
	Жаһандық құзыреттіліктер:	1	1	1	1	1	5	170
	Парасаттылық және әдеп	1					1	34
	Экология		1				1	34
	Эмоционалды интеллект және сыни ойлау			1			1	34
	Медиасауаттылық				1		1	34
	Зайырлық және дінтану негіздері					1	1	34
	Элективті курстар	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану. Қызықты жаратылыстану	1					1	34
	Жаратылыстану. Жертану		1				1	34
	Биология. Адам денсаулығы			1			1	34
	География. География-ғылым әлемі				1		1	34
	Математика. Қорытынды аттестаттауға					1	1	34
	Вариативті оқу жүктемесі	2	2	2	2	2	10	340

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	31	31	34	35	36	167	5678
---------------------------------------	----	----	----	----	----	-----	------

Вариативтік компонентінің мектеп компонентінен 10 апталық сағат (жылдық жүктеме – 340 сағат) элективті курстардың оқытылуына берілді:

5-сыныпта – «Қызықты жаратылыстану әлемі» - 1 сағат, «Парасаттылық және әдеп» - 1 сағат;

6-сыныпта – «Жертану» - 1 сағат, «Экология» - 1 сағат;

7-сыныпта – «Адам денсаулығы» - 1 сағат, «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» - 1 сағат;

8-сыныпта – «География ғылым әлемі» - 1 сағат, «Медиасауаттылық» - 1 сағат;

9-сыныпта – «Зайырлылық және дінтану негіздері» - 1сағат, «Қорытынды аттестаттауға дайындық» - 1 сағат.

2022-2023 оқу жылы

Шағын орталықтың жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалған.

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары
		Кіші топ (2 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка***	Күн сайын

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		орта жас тобы (3 жастан бастап)	ересек жас тобы (4жастан бастап)

1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	Күн сайын	Күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	Аптасына бір рет	Аптасына екі рет
	Музыка ****	Күн сайын	Күн сайын

Мектеп алды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалған.

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық,	күн сайын	

	зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу		
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20

Бастауыш білім берудің жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 26 қаңтарда № 25 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жасалған.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат	
		1	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент						
	Тіл және әдебиет	6	11	11	28	1002
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	8	288
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	6	216
4	Орыс тілі		2	2	4	144
5	Ағылшын тілі		2	2	4	144
	Математика және информатика	4,5	6	6	16,5	589,5
6	Математика	4	5	5	14	500
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	2,5	89,5
	Жаратылыстану	1	2	2	5	179
8	Жаратылыстану	1	2	2	5	179
	Адам және қоғам	1	1	1	3	107
9	Дүниетану	1	1	1	3	107
	Технология және өнер	3	2	2	7	249
10	Музыка	1	1	1	3	107
11	Көркем еңбек		1	1	2	72
12	Еңбекке баулу	1			1	35
13	Бейнелеу өнері	1			1	35

	Дене шынықтыру	3	3	3	9	321
14	Дене шынықтыру	3	3	3	9	321
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	25	25	68,5	2447,5
Вариативтік компонент						
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	3	107
	Математика. Математикалық сауаттылық.	1	1	1	3	107
Вариативтік оқу жүктемесі		1	1	1	3	107
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		19,5	26	26	71,5	2554,5

Вариативтік компоненттің 3 апталық сағат (жылдық жүктемесі – 107 сағат) келесі таңдау бойынша сабақтардың оқытылуына берілді:

- 1-сыныпта: «Математикалық сауаттылық» - 1 сағат;
- 3-сыныпта: «Математикалық сауаттылық» - 1 сағат;
- 4-сыныпта: «Математикалық сауаттылық» - 1 сағат.

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 26 қаңтарда № 25 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде құрылды.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1980
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	540
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1080
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	972
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324

17	Музыка	1	1				2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттіліктер:		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Парасаттылық және әдеп		0,5					0,5	18
Экология			0,5				0,5	18
Эмоционалды интеллект және сыни ойлау				0,5			0,5	18
Медиасауаттылық					0,5		0,5	18
Зайырлылық және дінтану негіздері						1	1	36
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	-
Вариативті оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580
Көркем еңбек		2	2	1	1	1	7	252
Барлығы		30,5	30,5	32,5	33,5	35	162	5832

Вариативтік компонентінің 3 апталық сағат (жылдық жүктеме – 108 сағат)

Жаһандық құзыреттілік курсының оқытылуына берілді:

5-сыныпта – «Парасаттылық және әдеп» - 0,5 сағат;

6-сыныпта – «Экология» - 0,5 сағат;

7-сыныпта – «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» - 0,5 сағат;

8-сыныпта – «Медиасауаттылық» - 0,5 сағат;

9-сыныпта – «Зайырлылық және дінтану негіздері» - 1 сағат.

2023-2024 оқу жылы

Шағын орталықтың жұмыстық оқу жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде жасалған.

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары
		Кіші топ (2 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын

	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка***	Күн сайын

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		орта жас тобы (3 жастан бастап)	ересек жас тобы (4 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем	Күн сайын	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	Күн сайын	Күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	Аптасына бір	Аптасына екі рет
	Музыка ****	Күн сайын	Күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет *****	Күн сайын	Күн сайын

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде жасалған.

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптадағы өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	

2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті,	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20

Бастауыш білім берудің жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде жасалған.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент						
	Тіл және әдебиет	6	9	11	26	878
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	8	272
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	6	204
4	Орыс тілі		2	2	4	136

5	Ағылшын тілі			2	2	68
	Математика және информатика	4,5	5	6	15,5	522,5
6	Математика	4	4	5	13	438
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	2,5	84,5
	Жаратылыстану	1	1	2	4	135
8	Жаратылыстану	1	1	2	4	135
	Адам және қоғам	1	1	1	3	101
9	Дуниетану	1	1	1	3	101
	Технология және өнер	3	3	2	8	269
10	Музыка	1	1	1	3	101
11	Көркем еңбек			1	1	34
12	Еңбекке баулу	1	1		2	67
13	Бейнелеу өнері	1	1		2	67
	Дене шынықтыру	3	3	3	9	303
14	Дене шынықтыру	3	3	3	9	303
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5	22	25	65,5	2208,5
Вариативтік компонент						
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және	1	2	1	4	135
	Математика. Қазықты математика	1			1	33
	Математика. Математика және логика		1	1	2	68
	Қазақ тілі. Шешендік өнер		1		1	34
	Вариативтік оқу жүктемесі	1	2	1	4	135
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	69,5	2343,5

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде құрылды.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340

6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	544
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
17	Музыка	1	1				2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент								
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Элективті курстар	-	-	-	-	-		
	Вариативті оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270
	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Барлығы	30,5	30,5	32,5	33,5	35	162	5508

5-9-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді.

Сабақ кестесінің сәйкестігі

Сабақ кестесін құрастыру кезінде ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығының 71-76 тармақтары негізге алынды. 73- тармақтағы 4-қосымшаға сәйкес қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылды. Сол кестеге сәйкес пәндердің қиындығын ескере отырып, сабақтар балл бойынша саралап қойылды. Қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі төмендегідей:

	Пән	Балл саны
1	Математика, орыс тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін), Математика, қазақ тілі (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін)	11
2	Шет тілі, пәндерді шет тілінде оқу	10
3	Физика, химия, информатика, биология	9
4	Тарих. Адам. Қоғам. Құқық.	8
5	Қазақ тілі, әдебиет (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін) Орыс тілі, әдебиет (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін)	7
6	Жаратылыстану, география, өзін-өзі тану, алғашқы әскери дайындық	6

7	Дене шынықтыру	5
8	Еңбек, технология	4
9	Сызу	3
10	Бейнелеу өнері	2
11	Ән сабағы	1

Бір күнгі сабақ кестесі сыныптардың оқу жүктемесінің негізінде төмендегідей 60 балдан төмен: 1-сыныпта 20-30 балл, 2-сыныпта 30-45 балл, 3-сыныпта 35-40 балл, 4-сыныпта 35-45 балл, 5-сыныпта 40-55 балл, 6-сыныпта 40-50 балл, 7-сыныпта 45-55 балл, 8-сыныпта 50-60 балл, 9-сыныпта 50-60 баллдан жоғары болмауы қарастырылып құрастырылды.

75-тармақ негізінде сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы 5 минут, үшінші сабақтан кейін 30 минут үлкен үзіліс болады. Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындары өткізілгені анықталды. Ауысымдар арасында әрбір кабинетті ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс болу қарастырылған. Түстен кейін екі сынып қана оқитын болғандықтан ондай қиындықтар туындаған жоқ. Төмендегідей қоңырау кестесі ұсынылды.

I-ауысым:

1. 08.00-08.45 үзіліс 5 минут
2. 08.50-09.35 үзіліс 5 минут
3. 09.40-10.25 үзіліс 30 минут
4. 10.55-11.40 үзіліс 5 минут
5. 11.45-12.30 үзіліс 5 минут
6. 12.35-13.20 үзіліс 5 минут
7. 13.25-14.10

II-ауысым:

1. 13.00-13.45 үзіліс 5 минут
2. 13.50-14.35 үзіліс 15 минут
3. 14.50-15.35 үзіліс 5 минут
4. 15.40-16.25 үзіліс 15 минут
5. 16.40-17.25

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының оқуы.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының міндетті түрде меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан жылдық оқу жүктемесі негізінде іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу

курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Үйде жеке оқытудың ұйымдастырылуы туралы

01.09.2021 ж. -05.10.2021ж. аралығында 8-ші сынып оқушысы Асқарбек Ақтілекке үйде жеке оқыту ұйымдастырылды.

Асқарбек Ақтілек мектепке 01.09.2021 ж. қабылданды. 05.10.2021 ж. отбасының көшуіне байланысты Павлодар облысы білім беру басқармасының, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «№ 2 Майқайын жалпы орта білім беру мектебі» КММ-не ауысты.

Баланың туған жылы, күні, айы 05.01.2007 ж.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Алтай қаласындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» КММ қорытындысы бойынша «Тірек-қимыл аппаратының құрылғы бұзылуы дербес қозғалмайды, спастикалық-гиперкинетикалық дизартрия шекаралық ақыл-ой кемістігі» диагнозы ұсынылды. ЖСН №070105500988. Кеңес берілген күні 01.09.2021ж.

Ұсынылды: Үйде жеке бағдарлама бойынша оқыту.

Үйде жеке оқытудың жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылды. Жұмыстық оқу жоспары 9-қосымша, 9-тарау негізінде.

№	Оқу пәндері	Сынып	Жалпы жүктеме	
			Апталық	Жылдық
	Инварианттық компонент	8		
	Тіл және әдебиет	4	4	136
1	Қазақ тілі	1	1	34
2	Қазақ әдебиеті	1	1	34
3	Орыс тілі және әдебиеті	1	1	34
4	Ағылшын тілі	1	1	34
	Математика және информатика	3	3	102

5	Алгебра	2	2	68
6	Геометрия	1	1	34
	Жаратылыстану	2	2	68
7	География	0,5	0,5	17
8	Биология	0,5	0,5	17
9	Физика	0,5	0,5	17
10	Химия	0,5	0,5	17
	Адам және қоғам	1	1	34
11	Қазақстан тарихы	0,5	0,5	17
12	Дүниежүзі тарихы	0,5	0,5	17
Инварианттық оқу жүктемесі		10	10	340
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		10	10	340

Оқыту бағдарламасы:

Инклюзивті білім беру шеңберінде жеке көзқараспен жалпы білім беретін оқу жоспары бойынша, оның ішінде оқу жоспарын қысқарту н/е жеке оқу жоспары түрінде білім беру. («Білім туралы» ҚР заңына сәйкес, 47-бап, 3 –тармақ, 2-тармақ).

Үйде оқытуды ұйымдастыруда келесі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу- жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2021 жылғы 26 наурызда №125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде құрылды. Жұмыстық оқу жоспары 9-қосымша, 9-тарау негізінде құрылды. ҚР Конституциясының, «Білім туралы» ҚР заңының, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР заңының, «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017.14.02 №66 бұйрығы.

26.08.2021ж. №23 дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (ДКК) қорытындысының, 01.09.2021 ж. №3504 ПМПК қорытындысының, сондай-ақ ата-аналардың 01.09.2021 ж. өтінішінің негізінде «8» сынып оқушысы Асқарбек Ақтілек (2007 жылы 05 қаңтар туған) жеке бағдарламасы бойынша 1 қыркүйектен бастап үйден оқыту тағайындалып, төмендегі мұғалімдер бекітілді.

№	Мұғалім	Пәні	Апталық сағат
1.	Бахыт Харлыгаш	Қазақ тілі мен әдебиеті	2
2.	Кабдышева Роза Курмановна	Орыс тілі мен әдебиеті	1

3.	Кубрак Полина Петровна	Ағылшын тілі	1
4.	Сапарова Алтынай Танирбергеновна	Алгебра, геометрия және физика	3,5
5.	Абусейтов Батырхан Курманғалиевич	География	0,5
6.	Арыкпанова Толкын	Биология	0,5
7.	Бейсенбаева Жаннур Манашовна	Химия	0,5
8.	Мирзабаев Бекмухаммад Бахадирович	Қазақстан тарихы және дүние жүзі тарихы	1
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:		10

Мектеп әкімшілігі жауапты пән мұғалімдеріне «Балаларды үйден жеке оқытуды ұйымдастыру туралы» отырыс ұйымдастырды. Отырыста келесі мәселелер қарастырылды: науқас балаларды жеке оқытуды ұйымдастыру; білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері; ата-аналардың құқықтары; әкімшіліктің міндеттері. Сабақты ұйымдастыру кезінде оқушының физикалық жағдайын ескеру ұсынылды.

Оқудың 1-ші аптасында мұғалімдер оқушымен, ата-анасымен танысу жұмыстары жүргізілді. Сабақ барысында мұғалімдер оқушыға бақылау жүргізді. Бұл жеке оқыту бағдарламасын құрастыруда көмек көрсетті. Әлеуметтік педагог пен басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары оқушыға отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында жеке әлеуметтік зерттеу жүргізді.

Жұмыс жоспарына сәйкес үйден оқытуға психолог психологиялық ұсынымдар айтты. Мектеп әкімшілігі сабақтардың уақытылы өткізілуін, оқу бағдарламаларының және жеке оқыту әдістемесінің орындалуын басшылыққа алды.

27.08.2021ж. педагогикалық кеңестің №1 хаттамасына сәйкес үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдармен таныстырылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен мүгедек балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша Қазақстандағы қолданыстағы заңнаманың актілер мен нормативтік-құқықтық ережелердің негізгі ережелерін түсіндірілді. Үйде оқытуды ұйымдастыру алгоритмімен таныстырды.

Үйде сабақ беретін әр мұғалім міндетті түрде білімді игерудің дамуы мен сапасын динамикалық бақылау күрделілігін жүргізді. Баланың іс-әрекеті оның психо-физикалық және физикалық жағдайына байланысты талданды.

Тәрбие жұмысы бойынша өзін - өзі бағалау

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Қ.Р. Еңбек кодексі
13. Қ.Р. Азаматтық кодексі
- 14.
15. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жауапты басшының орынбасары басқарады.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінің тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу - тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерін құру аясында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде іске асырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құралды. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс жоспары жасалды.

Мектептегі тәрбие жұмысының басты мақсаты-белсенді өмір сүру, азаматтық өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару және өзін-өзі жүзеге асыру, оқушылардың зияткерлік, мәдени және адамгершілік дамуының қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін жағдай жасау.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінің сынып сағаттарының жоспары мектеп басшысымен бекітіледі. Сынып жетекшілер 8 бағытқа сәйкес сынып сағатын әрбір сәрсенбі күні өткізді. Сынып сағаттары кестеге сәйкес уақытылы ұйымдастырылды. Сынып сағаттарының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланып отырды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие: 2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриотты; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, балалар мен жастардың құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау-жалпы білім беру жүйесіндегі және біздің мектептегі тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін оқушылардың сабақтарда және сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруда төмендегідей іс шаралар өтті:

Алғашқы қоңырауға арналған іс-шаралар өткізу туралы жұмыс жоспары құрылып, «Кел балалар оқылық» атты салтанатты жиын өтті. 1- қыркүйек білім күніне арналған «Менің туым» облыстық жобасы негізінде көк байрақ көтерілді. Сонымен қатар 1- сынып оқушыларына «әліппе» оқулығы табысталды. 1- қыркүйекте «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында 2-9 сынып пен 5-9 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. 15 қыркүйек күні мектептің әлеуметтік педагогы мен басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Құқықбұзушылық не себепті болады?» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: бүгінгі тағда қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелет жасқа толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Оқушылардың қауіпсіздігі басты мәселе болғандықтан «Электр жарығы кезіндегі медициналық көмек» тақырыбында түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Бастауыш сынып мұғалімі Жапан Болорманың ұйымдастырумен 2-4 сынып оқушылары арасында «Жолда сақ болайық» тақырыбында сынып сағаты өтті. Оқушыларға жолда жүру ережесі таныстырылды. 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Жол көлік оқиғаларының себептері» тақырыбында түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды.

04.11.2021 күні 1-4 сынып оқушылар арасында «Тәуелсіздік тұғырым» атты онлайн мәнерлеп оқу сайысына оқушылар белсене қатысты. Мақсаты: жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді ұялату, өз елімен мақтан тұтатын жеткіншектерді тәрбиелеу.

1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне «Ел тірегі ел басы» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Жоспарға сәйкес сынып сағаттары және білім алушыларды «Жас ұлан» «Жас қыран» қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті.

Тәуелсіздік күніне орай мектепте іс-шаралар ұйымдастырылды. «Қазақстанның ең қастерлі құндылығы –Ел тәуелсіздігі» тақырыбында дөңгелек үстел 8-9 сыныптар аралығында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен өтілді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылды – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы жылы деп жариялады. Осы орайда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – бұл біздің жетістіктерімізді ой елегінен өткізудің, болашаққа міндеттерді айқындаудың мүмкіндігі. Барлық іс-шаралар мен жобалардың басты идеясы «Жасампаздыққа толы жылдар» белгісімен өткізілді. Осы тұжырымдама негізінде Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде Баянауыл аудандық білім беру бөлімінен келіп түскен 17.09.2021 күнгі 151-Н бұйрығына 5-6 сынып оқушыларымен география пәнінің мұғалімі Б.К. Абусейтов ашық тәрбие сағатын ұйымдастырды. Мақсаты:– Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата – бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға – апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйе, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар 7-9 сынып оқушылар арасында тарих пәнінің мұғалімі Б.Б. Мирзабаев "Тәуелсіздік - шыңдары биік, ұлы ұғым" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты- оқушылардың бойында ұлттық рухты, патриоттық сезімдерді ұялату, өз Отанын, елін сүйе, мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, мемлекеттік тілін құрметтеуге, өз ұлтын жанындай сүйетін саналы, білімді, іскер азамат болып қалыптастыру, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру. 2021 жылдың 26 желтоқсан -30 желтоқсан аралықта мектепшілік жаңа жыл мерекесі қашықтықтан өткізілді. Аудандық білім бөлімінің іс-шара жоспарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» атты жоспар жұмысы құрылып бекітілді. «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбында бейнеролик құрастырылды. «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы Тұңғыш Президенттің рөлі» тақырыбында 5-9 сыныптар арасында шығарма байқау өткізілді.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың және тәртіпсіздіктің алдын-алу мақсатында Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасының 2021-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарының негізінде 2021-2022 оқу жылына арналған кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі бірлескен жұмыс жоспары құрылып, белгіленген мерзімде іс-шаралар атқарылды.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде ұлдар мен қыздар арасында жыныстық тиіспеушілікке, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түрлі формада іс-шаралар ұйымдастырылды. Майқайың кенті Үшқұлын ауылының учаскелік инспекторы Муканов Кайр Қылышбекович пен Баянауыл аудандық кәмелет жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы Нығмет Дидар Қайроллаұлымен 5-9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға зорлық - зомбылық пен жыныстық тиіспеушілік бойынша түсіндіру, ағарту жұмыстарын жүргізді.

Құқықтық және азаматтық тәрбие беру бағытында оқу жылы ішінде тақырыптық сынып сағаттары, ТЖД, ЖТД өкілдерімен кездесулер, сондай-ақ концерттік іс-шаралар, "жол қозғалысы Ережелері", "Мектептегі мінез-құлық ережелері" тақырыптық топтамалары өткізіледі. Жыл бойы мектеп инспекторымен бірге кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен кездесулер, әңгімелер ұйымдастырылды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие: 2022-2023 оқу жылы

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанаты және сынып сағаты өткізілді. Сонымен қатар «Алтын ұя» мектебін ережесімен мектепке жаңадан келген оқушылар таныстырылды. Мектеп оқушыларының техникалық қауіпсіздігін сақтау бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Әр дүйсенбі күні оқушылар ҚР Гимнін орындап отырды. Қазақстан Республикасының Рәміздерін құрметтеу және оқып - үйрету мақсатында Мемлекеттік рәміздер - біздің еліміздің, тәуелсіздігіміздің ажырамас бөлігін екенін оқушылар санасына жеткізу үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» тақырыптары бойынша патриоттық іс-шаралар өткізілді.

Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды. Профилактикалық рейдтер, ата - аналардың бала алдындағы міндеті мен құқығы, ерекше қадағалауды қажет ететін оқушыларды анықтау, құқық қорғау қызметкерлерімен бірге бірлескен жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар өткізілді. Жолда жүру ережелері акциясы және құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында түрлі бағытта сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Өзін - өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымының Ұлан басы сайланды. Оқушылар өте жоғары дәрежеде дайындалып, мектеп президентіне үміткерлер үгіт – насихат жұмыстарын белсенді атқарды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл- патриотизмнің жаңа түрі» ұранымен «Біз сыбайлас жемқорлыққа – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» тақырыбында акция, «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Жемқорлықсыз – салауатты қоғам», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу» тақырыптарында адалдық сағаттары өткізілді. Оқушыларға экстремистік көзқарастармен іс - әрекетерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастыру үшін жеке жоспар бойынша іс-шаралар түрлі формтта сынып сағаттары, әңгімелер, ақпараттық сағаттар ұйымдастырылды.

Республика күніне орай 17- 22 қазан аралығында жеке жоспар бойынша «Қазақ елі мені Отаным» тақырыбында бейне құттықтау мектептің инстаграм желісіне жүктелді. «Тәуелсіз елдің ұланы» сынып сағаты, «Қазақтан -қиял жетпес биік тау» сурет көрмесі, мектепшілік шахмат жарысы ұйымдастырылды.

1-мамыр және 7- мамыр Отан қорғаушылар күніне орай ер балаларды елінің патриоты, қорғаны, білімді де білікті азаматы болуға тәрбиелеу мақсатында «Жаарйсындар жігіттер», «Жауынгерлер ән шырқайды» тақырыбында әскери әндер байқауы өтті. «Жеңіс туы желбіре» атты 9- мамыр Жеңіс күніне орай мерекелік іс – шара ұйымдастырылды.

Қорытынды:

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бойынша екі оқу жылында атқарылған жоспарлы іс шаралар негізінде құқықбұзушылық орын алған жоқ. Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық байланысты заңдарын меңгерген және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды.

2.Рухани-танымдық тәрбие: бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. 2021 -2022 оқу жылы

Мақсаты: рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарды қалыптастыру, жалпы адами құндылықтармен, қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келісілген жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастары қалыптастыру үшін мектепте «Мәшһүр Жүсіптің әділдік философиясы» тақырыбында аға тәлімгер Бақыт Қ. адалдық сағатын өткізді. Адалдық сағатында қазақ халқына аты кеңінен мәлім, ақын, тілші - әдебиетші, дін мен философияны меңгерген әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы туралы слайд көрсетіліп, оқушыларға түрлі тапсырмалар берілді. Адалдық сағатының соңында оқушылар постер қорғап, кері байланыс жасады.

Қазан айының 1 күні қазыналы қарттар күні ерекше аталып өтті. «Қарты бар ел - қазыналы» тақырыбында кітапханашы Сағынтаева Г.М. бейнебаян жасап мектептің әлеуметтік желісіне жариялады. Оқушылар тарапынан мұғалімдердің ұйымдастырылуымен қарттарға үй - жайына көмектесу жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілер **«Қарттарым асыл қазынам»** атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді. Жауапты ұстаздардың ұйымдастыруымен **«Қарттарым асыл қазынам»** атта тақырыпта онлайн мерекелік іс-шара мектептің инстаграм парақшасына салынды.

«Ұстаз тағызым» тақырыбында ашық сынып сағаттары өткізілді. Мектептің мерекелік іс-шаралар жоспарына сәйкес 2-9 сыныптар аралығында **«Ұстаз – ана, аялайтын барша жан»** тақырыбында мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектебіміздің ұлағатты ұстаздарына мектеп бітіріп кеткен түлектер алғыс білідіріп, бейне құттықтаулар жолдады. Мектептің аға тәлімгері Бақыт Қ. 6-9 сынып оқушыларымен өзін – өзі басқару күнін ұйымдастырды. Мектеп дәлізі мерекеге сай безендіріліп, жоғары сынып оқушылары дәлізде ұстаздарды құттықтаулармен қарсы алды. 01.11.2021 мен 05.11.2021 аралығына «Каникулда кітап оқимыз» атты онлайн кітап оқуға мектебіміздің барлық оқушылары тіркеліп өздеріне берілген кітаптарды оқыды.

2020-2021 оқу тәрбие жоспарын негізге ала отырып Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай мектепшілік тәрбие сағаттары жоспарға сәйкес өткізілді. Баянауыл аудандық білім бөлімінің бұйрығын негізге ала отырып Әбу-Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған іс шаралар өтті. М.Мақатаевтің 90-жылдық мерейтойына орай 5-9 сынып оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері Бораншы С. мен Бақыт Қ. Мұқағали Мақатаев өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту іс-шарасын ұйымдастырды.

2- 9 сыныптар аралығында «Адалдық пен әділдік», «Адалдық адамдықтың белгісі», «Адалдық – адам бойындағы асыл қасиет» тақырыптарында адалдық сағаттары өткізілді.

«Наурыз» мейрамы тұжырымдамасы негізінде мектепшілік жоспар құрылып бекітілді. «Көрісу жоралғысы» күні, ұлттық тағамдар күні, салт – дәстүрлер күні ұйымдастырылды. Наурыз мерекесіне арналған мерекелік іс-шара өте жоғары деңгейде өтті. 1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектепте мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өтілді. Аға тәлімгердің ұйымдастыруымен ұстаздар мен оқушылар арасында бір-біріне жақсы көңіл-күй, көтеріңкі күлкі ұйымдастыру мақсатында тренингтер өткізді. 1-наурыз «Алғыс айту күні» мереке күні орай **«Алғыс айту –асыл қасиет»** тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 8-Наурыз Аналар мерекесінде мектепте сынып сағаттары, құттықтаулар және «Ана өмір шуағы» атты тақырыбында мектептегі ер азамат ұстаздар мен оқушылардың ұйымдасуымен мерекелік концертпен жалғасты. Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында 1-4

сыныптарда «Адамгершілік дегенді қалай түсінесің?», 5-9 сыныптарда «Рухани бай адам ол қандай болмақ?», «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

2.Рухани-танымдық тәрбие: бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. 2022 -2023 оқу жылы

Оқушылардың рухани - танымдық және адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мақсатында жыл бойы тақырыптық сынып сағаттары, акциялар, тақырыптық кештер және т.б. өткізілді. Мектепте жоғары адамгершілік, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік - құзыретті азамат пен патриотты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында "Адал Ұрпақ" клубын ашу туралы бұйрық шығарылды. Сонымен қатар қарттар күні, мұғалімдер күніне орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына байланысты қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері оқушылармен ашық тәрбие сағатын ұйымдастырды. «Қазақстандағы ланкестік қауіп қатер және оның алдын алу жолдары» тақырыбында Майқайын кентінің бас имамымен кездесу өтті. 1- наурыз алғыс айту күніне орай біршама іс – шаралар жоспарланып өткізілді. «Алғыста шек болмайды» тәрбие сағаты, «Әлемге алғыс» сурет көрмесі, «Алғыс білдіру ең - асыл сөз» бастауыш сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті. «Қарттарым асыл қазынам» ауылдағы қарт ардагерлерге мектептің еріктілер клубы барып көмек көрсетті.

Қорытынды: Рухани-адамгершілік тәрбиенің өзіндік нақты мақсаттары бар. Мектепте осы мақсатраға жету үшін оқушыларға қоғамдық қатынастар мен рухани құндылықтарды бойынша сіңіретін түрлі іс- шаралар өткізілді. Адамгершілігі тұрақты тұтас тұлғаны қалыптастыруда ұйымдастырылған процестер біздің мектепте жүзеге асты.

3.Ұлттық тәрбие: 2021 -2022 оқу жылы

Мақсаты: тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы, Ана тілі мен мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасындағы қазақ халқының, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу. Тәрбие процесінде рухани жаңғырудың негізі ретінде ұлттық тәрбиеге ерекше назар аударылады.

Осы ерекшеліктерге біздің мектепте де басты басты назарда ұсталып, ұлттық тәрбие негізінде іс- шаралар өткізілді. Қазақстан Республикасының 22-қыркүйек тіл мерекесіне орай «Ана тілім – ар намысым, қазынам» атты онкүндіктің іс-шара жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пән мұғалімдері ашық сабақтар беріп, сабақтан тыс іс-шараларын ұйымдастырды. Ақпан айында Павлодар облысы білім беру басқармасы, Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының «Тіл тұғырым» жобасы аясында бірқатар іс- шарлар жүзеге асты. Мақсаты: оқушылардың қазақ тіліне деген сүйіспеншіліктері мен құрметтерін арттыру. Қазақ тілінің мәртебесін биіктетуіне өз үлестерін қосатын нағыз тіл жанашырларын тәрбиелеу. «Мемлекеттік тілдің әлеуметтік беделін арттыру, толыққанды қызметін жүзеге асыру, сөз өнерін, мәдени мұра ұлттық құндылық ретінде бағалай алу» мақсатында ұйымдастырылған «Тіл тұғырым» атты облыстық жобаның салтанатты ашылуы өтті. Осы мақсатты іске асыру үшін 5- сынып оқушыларымен «Тіл тұғырым» жобасы аясында «Тіл – халық байлығы» тақырыбында эссе жазды. 9 сынып оқушылары пән мұғалімдері арасында тілге байланысты «Тіл тұғырым» атты викторина жүргізді. 5-9 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бақыт Қ. «Тіл ұлттың жаны» тақырыбында сайыс сабағын өткізді. Кітапханашы Сағынтаева Г.М. ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел - мәңгілік тіл» атты кітап көрмесін жасалды.

Ұлыстың ұлы күні наурыз меркесіне орай «Көктем аруы» байқауы өтті. Мақсаты: қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз бала тәрбиелеуде салт – дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбелеу. Оқушы бойындағы өнері мен дарындылығын дамыту. Ұлттық құндылық тәрбиесін оқушылардың бойынша сіңіру. Сонымен қатар «Бата – ұлттық тәлім-тәрбие бастауы» тақырыбында бастауыш сынып оқушылар арасында тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға ұлттық тәрбиені насихатату мақсатында. Наурыз мерекесі қарсаңында 5-9 сынып оқушылары арасында «Ең әдемі ұлттық киім және және сумкалар» жобасы ұйымдастырылды. Барлық сыныптар белсенді қатысты. Әрбір сынып дайындаған ұлттық нақыштағы сумкалармен мектеп дәлізінде көрме ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушыларымен салт – дәстүрді насихатату тақырыбында дебат өткізілді. **Мақсаты:** Ұлттық қазынамыз салт-дәстүрлерімізбен таныстырып, рухани байлықты қадірлеп- қастерлеу керектігі түсіндірілді.

3. Ұлттық тәрбие: 2022- 2023 оқу жылы

5- қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдер күні мерекесі ұйымдастырылды. Тіл мамандары түрлі форматта оқушылармен іс- шаралар және ашық сабақтар өткізді. Ұлттық өнер бағытында оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Домбыра», «Асық ату» үйірме жұмыстары іске асырылды. «Туған елге тағзым», «Табиғатым - тал бесігім», «Өз жеріңді таны» тақырыптарында саяхат сабақтары өткізілді. Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру мақсатында 22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні, басы болсын ырыстың» тақырыбында іс – шаралар жоспарланып ұйымдастырылды. Оқушыларға ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдарды қайта жаңғырту үшін челлендж бейне түсірілім түсірді.

Қорытынды: Ұлттық сана сезімі қалыптасқан ұлттық мүденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны оқушыны қалыптастыруда ұлттық тәрбие негізінде маңызы зор іс- шарлар ұйымдастырылды.

4. Отбасылық тәрбие: 2021- 2022 оқу жылы

Мақсаты: балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

Отбасы тәрбиесі бойынша ата – аналармен мектеп арасында тығыз байланыс орнату мақсатында ата - аналар жиналысы ұйымдастырылады. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары өткізіліп, «Мектепке жол» акциясы кезіндегі ұйымдастыру жұмысы, асханадағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту бойынша шараларға, мерекелік іс- шарлар тартылады. Сонымен қатар отбасылық тәрбие бойынша атқарылатын іс- шараларға ата - аналарды қатыстыру көзделген.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде, Отбас күніне орайы 6-11-ші қыркүйек аралығында өткізілетін іс шаралар жоспары бекітілді. «Отбасы-өмір аясы» атты ақпараттық стенд дайындалды. Бұл стендтің негізгі мақсаты: Отбасындағы ата-ана мен баланың өзіндік орны, отбасындағы тәрбие беруші мен тәрбие алушының өзара қарым - қатынас стилинің дамуына отбасының ықпалы, отбасын бақытқа жетелейтін құндылықтардың түсінігін ашуға немесе бағалауға бағыт-бағдар беру. Сондай - ақ отбасылық құндылықтар жайлы, бала тәрбиесі, сыйластық, жарастық отбасы мүшелерінің өзіндік міндеттері туралы білімдерін кеңейтті.

Сонымен қатар мектебіміздің оқушылары өз отбасыларымен түскен фотоларынан, «Отбасым – менің қуатым» тақырыбында бейне - монтаж дайындады. Шараға 2-9 сынып оқушылары белсене қатысты. Мақсатты отбасында ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынасты нығайту, қазіргі таңда қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі ата - ананың балаға деген қамқорлығы, сүйіспеншілігі болды. Оқушылар сыныптастарын, достарын, ата - анасын отбасы күнімен құттықтады. «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында сурет байқауы өтті. Бұл байқауға 2- 6 - сынып оқушыларының отбасы күніне орайы салынған суреттері ілінді. Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» атты тәрбие сағатты ұйымдастырылды. Тәрбие сағатының мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру. Сонымен қатар «Мен өз баламды жақсы білем бе?» атты психологиялық тренинг өтті. Өткізген мектеп психологы Булғанбай Б. және әлеуметтік педагог Арықпанова Т. Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты арттыру және баласының бойындағы мінез ерекшелігін қаншалықты айыра білетіндігін анықтау. Ата- аналарға түрлі психологиялық тапсырмалар берілді. Тренинг өте қызықты және тартымды өтті. Ата - аналар белсенді қатысты. "Берік отбасы - қоғамның тірегі" атты спорттық сайыс 5-9 сыныптар арасында онлайн өтті. Өткізгендер: Мұхамедхан Н., Бесембай Т.Б. Сайыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылардың денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру, отбасындағы салауатты өмір салтын ұстануға арқылы жылдамдыққа, икемділікке, күштілікке, төзімділікке баулу. 8-7 сынып оқушыларының арасында «Отбасы - Отанымыздың ошағы» атты шығарма байқауы өтті. Өткізген тіл мамандары Бораншы С., Бақыт Қ. Мақсаты: «Өз үйім өлең төсегім» деген қазақ даналығында айтылғандай өз отбасың, өз үйің ерқашан жылу тартып, жанға жақын болады. Сол себепті де әр адам өз отбасын сыйлап, құрметтей білуі шарт.

Отбасылық тәрбие: 2022 -2023 оқу жылы

Мақсаты: Ата - аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру.

Бұл бағытта жыл сайын жалпы мектептік ата-аналар жиналысы, әр тоқсанның қорытындысы бойынша сыныптық ата-аналар жиналысы, дөңгелек үстелдер, семинарлар, сондай-ақ Ашық есік күндері өткізіледі. Мектеп атынан белсенді ата-аналар мектеп іс-шараларына қатысады, еріктілер жасағын құрады. Қамқоршылық кеңесінің қатысуымен оқу кестесі, мектеп асханасының жұмысы және басқа да мәселелер бекітіледі. Бракераж комиссиясы мектеп асханасындағы тегін ыстық тамақ бойынша шикізатты бастапқы өндеудің оның түрі мен физикалық жай-күйін ескере отырып, технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкестігін, технологиялық процесті жүргізудің дұрыстығын бағалайды, ыдыс-аяқ пен бұйымдарды сақтау шарттарын, оларды берілуін тексереді, тағамдардың дәмін жақсарту бойынша ұсыныстар жасайды.

Отбасы тәрбиесі бойынша ұйымдастырылатын іс- шараларға ата- аналар, сынып жетекшілер және жоспар бойынша жауапты ұстаздар белсене қатысады. Барлық іс- шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды. Жалпыға бірдей міндетті білім беру айлығы негізінде «Отбасы - бақыт мекені» апталығын ұйымдастырылды. “Отбасы -өмір аясы” атты стенд дайындалды. Стенд қойылу мақсаты: отбасында бақытқа жетелейтін құндылықтардың түсінігін ашуға және бағалауға бағыт-бағдар беру. «Менің отбасымның құндылығы» атты акция, бастауыш сынып оқушылары арасында «Отбасы құндылығы неде?» 5-9 сынып оқушылары арасында «Отбасы құндылықтары» тақырыбында сынып

сағаты өтті. Сонымен қатар мектебіміздің 1-4 сынып оқушыларымен “Отбасыммен жазғы демалысым” тақырыбында бейне монтаждар дайындалып, инстаграм желілеріне жүктелді. Жүргізілген шараның мақсаты: қазіргі таңдағы қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі ата-ананың балаға деген қамқорлығын, сүйіспеншілігін арттыру. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру. “Бірінші сынып ата-аналарына психологиялық көмек” тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-ана мен балаға қолдау, көмек көрсету. 1- 9 сыныптар флэшмоб ұйымдастырды. Сонымен қатар мектепте өткізілетін жаңа жылдық шырша, наурыз мерекесіне ата - аналар белсене қатысады.

Қорытынды: Мектеппен ата - аналар арасында үштік одақ құру мақсатында тығыз үнемі жүйелі жұмыстар ұйымдастырылады. Бірақ ата - аналардың үлесін артыруға жұмыс жасау керектігі алған қойылды.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие: 2021- 2022 оқу жылы

Мақсаты: тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауын және кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, белсенді азаматтық ұстанымды сақтауда тәрбиелеу үшін жағдай жасау, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру, оның байлығын арттыруға ұмтылу. аясында өткізілді. Тарих және география пәндерінің мұғалімдері Абусейтов Б.К. және Мирзабаев Б. М. бірлесе отырып «Баянауылдың шырайлы жерлері» тақырыбы аясында 7-8 сынып оқушыларын Баянауылға саяхатқа апарды.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін облыстық эконобоом «Болашақ бағы» жобасы аясында оқушылар өз аулаларындағы бақшалардағы өсімдіктерге және үйдегі гүлдерге күтім жасау бойынша іс- шараларға - бастауыш сынып оқушылары мен 5-9 сынып оқушылары белсенді қатысты. Облыстық «Family day» жобасында 5 сынып оқушылары Ағайынқызы Алтыннұр мен Минап Мадина белсенділік танытты. Мектеп оқушылары жыл сайынғы ұйымдастырылатын «Мейірімді қақпақтар» акциясына белсене атсалысады. Ең көп қақпақ жинаған сыныпқа тәтті сыйлықтар үлестірілді. Сонымен қатар мектеп оқушылары сенбіліктерге мектеп жанын жинауға тартылады. Оқушыларды еңбек, экономикалық және экологияны таза ұстауға тәрбиелеу мақсатында сынып сағатары мен акциялар ұйымдастырылды. Жоғары сынып және бастауыш сынып оқушыларына «Үнем - қоғам қуаты» жобасы аясында суды және электр энергиясын үнемдеу бойынша бейне жазбалар түсіріліді. Жоғары сынып оқушылары арасында «Жарнама жасау өнері» тақырыбында экологиялық тәрбие бойынша өткізілді. 5-9 сынып оқушылары арасында «Ер дәулеті еңбек» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылды. «Ізденіс, еңбек, талпыныс - жетістік кілті» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен тақия жасау бойынша кездесу өтті. Кездесуге ауылдағы қол өнермен айналысатын апайлар шақырылды.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие: 2022- 2023 оқу жылы

Мақсаты: жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, экономикалық ойлау мен экологиялық мәдениетті дамыту.

Осы бағыт шеңберінде қыркүйек-қазан айларында мектеп жанындағы учаскеде оқушылардың да, педагогикалық ұжымның да қатысуымен экологиялық сенбіліктер өткізіледі. Сондай-ақ көктемде аумақты тазарту, көгалдандыру бойынша экологиялық іс-шаралар өтті.

«Болашақ бүгiнен басталады» оқушыларға кәсiби бағдар беру бойынша бағдарламаны жүзеге асыру үшiн «Мамандықтар әлемi» жәрменкесi ұйымдастырылды. 8-9 сынып оқушыларына «Мамандық: кеше, бүгiн, ертең» презентация байқауы ұйымдастырылды.

«Еңбекорлық пен ерiншектік», «Еңбек түбi - берек!» тақырыптарында сынып сағаттары өткiзiлдi. Мектеп алаңын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбiлiктер өткiзiледi. «Жасыл ел» қозғалысы шеңберiнде жасыл желектер мен мектеп алаңына гүлдер отырғызылды. Оқушылар мен ата - аналарға мектеп ауласына гүл отырғызайық атты акция ұйымдастырылды. Мектеп ата - аналары акцияға белсене атсалысты.

Қорытынды: Экологиялық және еңбек тәрбиесi оқушылардың саналы дүниетанымының маңызды құрамдас бөлiгi ретiнде тәрбие процесiн қалыптастырады. Мектепте оқушыларды еңбекке баулумен тығыз байланысты экономикалық тәрбиеде жүзеге асты.

6. Көпмәдениеттi және көркем-эстетикалық тәрбие: 2021- 2022 оқу жылы

Тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгiзiлген бағыттар. Әлеуметтік –мәндi және жеке қасиеттерiн қалыптастыру бағыты бойынша адам-ең жоғарғы құндылық екенiн оқушыға түсiндiру болып келедi.

Осы бағытта мектепте iс – шаралар ұйымдастырылды. «Көше тәртiбi – өмiр сүру тәртiбi» «Бiз өнерлi жастармыз!» тақырыптарында рөлдік ойындар, флешмобтар өткiзiлдi. Қазан айында «Күз кереметi» 2-9сыныптар арасында «Күзгi балл» мерекесiн өткiзу жоспарланғанмен крантинге байланысты iс-шараның онлайн түрде ұйымдастырылды. Мектепте сай мектептеде әр бейсенбi күнi экологиялық сағат өткiзiлдi. Экологиялық сағатта оқушыларымен гүлдердi күтiп баптау жұмысы жоспарланып, атқарылды.

Көпмәдениеттi және көркем-эстетикалық тәрбие: 2022- 2023 оқу жылы

Мақсаты: тұлғаның жалпы мәдени мiнез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегi және шындықтағы эстетикалық формаларды қабылдауға, игеруге және бағалауға дайындығын дамыту, бiлiм беру ұйымдарында көпмәдениеттi орта құру.

Мектепте оқушылар мектеп формасын сақтау оқушылардың тәртiбi сыртқы келбетiне қойылатын бiрыңғай талаптардың орындалуын қадағалау мақсатында оқушылар арасында түсiндiру жұмысы ұйымдастырылды. «Көшеде жүру тәртiбi», «Әдептiлiк белгiсi- илiп сәлем бергенi» тақырыптарында сынып сағаттары өткiзiлдi. Оқушыларға мәдени нысандарға тегiн экскурсиялар ұйымдастырылды. Майқайын кентiндегi, Торайғыр ауылындағы мұражайларға барып, тамашалап қайтты. Мектепте Республика, Тәуелiздiк күндерiне тағы басқада көрмелер тұрақты түрде ұйымдастырылып отырды. Әрбiр маңызды iс- шаралар мен апталықтарда сурет конкурсы өткiзiледi. Аққу қыздар клубының жұмыс жоспарына сәйкес «Адам бойында бәрi де әдемі, сұлу болуға тиiс» тақырыбында қыздарға кенестер берiледi. «Оқушы мен ұстаз мәдениетi» тақырыбында дебат өткiзiлдi.

Шеберлер қаласы тақырыбы бойынша жаңа жылдық мерекеге орай аудандық қардан мүсiн жасау конкурсына қатысып, принтер ұтып алдық.

Қорытынды: тұлғаның жалпы мәдени мiнез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегi және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзiрлiгiн дамыту, бiлiм беру ұйымдарында көпмәдениеттi орта құруда мектепте маңызды iс – шаралар өткiзiлдi.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу: 201-2022 оқу жылы

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында төмендігі іс – шаралар ұйымдастырылды.

Математика пәнінің мұғалімі Смекенова Р.Б. 5-6- сыныптар арасында «KENGURU» математикалық ойын сайысын ұйымдастырды. Сайысты 9- сынып оқушысы Аманбек Ж., Сапашов Ж. және Саясатқызы Н. жүргізді. Іс- шараның мақсаты: Балалардың математикалық қабілеттерін дамыту, зияткерлік әлеуетін ашу және жаңа таланттарды анықтау. Ойыншылар «KENGURU» халықаралық ойын сайысындағы есептерді шығарды. Тапсырма туралы ойлау қызықты және көңілді болуы мүмкін екеніне көз жеткізді. Ақпан айында Мұзафар Әлімбаевтың «Бала деп соққан бауырмал жүрек» атты мәнерелеп оқу сайысы өтті. Аға тәлімгер Бақыт Қ. қйымдастыруымен «Көшбасшы - 2021» зияткерлік ойын ұйымдастырылды. «Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы аясында бірге кітап оқиық эстафетасы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу:

2022 -20223 оқу жылында осы бағыт аясында түрлі тақырыптық концерттер, флешмобтар, акциялар, мектеп, аудандық деңгейдегі конкурстарға қатысу өткізіледі. Салтанатты және маңызды күндерге орайластырылған іс-шараларды өткізуге мектептің өзін-өзі басқару, мектеп клубтарының мүшелері белсенді түрде тартылады. Зияткерлік тәрбие бойынша оқушылармен мектепте түрлі іс- шаралар өткізілді. «Жұлдызды сәт», «Ертегілер әлемінде» сахналық қойылымдар, «Ұшқыр ойлы жұлдыздар» тақырыптарында интеллектуалдық сайыстар өткізілді. «Жылдың үздік шәкірті -2022», «Үздік сынып жетекші- 2022» байқаулары өткізілді. **Қорытынды:** Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеуде әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту болса, мектепте осы бағыттарда іс – шаралар кеңінен ұйымдастырылды.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тура алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани аулық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген төмендегідей іс-шаралар өткізілді: 2021- 2022 оқу жылы

Оқушылар арасында салауатты кмір салтын қалыптастыру бойынша мектепте таңғы жаттығу жасау жүйелі түрде іске асырылып отырады. Мақсаты оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру, дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуына әсер ету. Денсаулық фестивалі - 2021», «Дені сау ұрпақ - елдің болашағы», спорттық ойындар, «Туберкулез қасымызда-сақтан» жазба жұмыстары.

5-9 сынып оқушыларымен «Шылым шегудің адам ағзасына зиян» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Мақсаты: Темекінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиянды әсерінен ашу. Шылым шегудің зиянды жақтарын аша отырып, одан жиіркенуге, темекі -у екенін айтып, ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.

"Берік отбасы - қоғамның тірегі" атты спорттық сайыс 5-9 сыныптар арасында онлайн өтті. Өткізгендер: Мұхамедхан Н., Бесембай Т.Б. Сайыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылардың денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру,

отбасындағы салауатты өмір салтын ұстануға арқылы жылдамдыққа, икемділікке, күштілікке, төзімділікке баулу. 02.11.2021 күні салауатты өмір салтын ұстану – денсаулыққа пайдалы екенін оқушыларға насихатату үшін дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері Н. Мұхамедхан мен Т.Б. Бесембай «Шынықсаң шымыр боласын» тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырды. Мақсаты: «Ауырып еміздегенше, ауырмайтын жол іздегені» әле қайда тиімірек екенін ұғындыру, дене тәрбиесіне, салауаттылыққа дағдыландыру. Оқушылардың бойына адами игі қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсінуге, сақтай білуге тәрбиелеу. Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі бойынша 07.12.2021 жылы аудандық білім бөлімінен келіп түскен хатқа сәйкес мектеп оқушылары арасында Вэйп электронды темекінің зияны туралы түсіндіру жұмыстары өтті. 7-9 және 5-6 сынып оқушыларына әлеуметтік педагог Арықпанова «Вэйп – темекінің денсаулыққа зияны» тақырыбында іс-шара өткізді. **Мақсаты:** Вэйп немесе электронды темекінің адам денсаулығына зияны туралы түсіндіру. Іс-шараға барлығы 22 оқушы қатысты. Слайд арқылы Вэйп темекісін шекенде адамның денсаулығына зиянды белгілерін жеке – жеке талдап өтті. Егерде бір рет қолданып көретін болса, дененің жаңа хоббиге үйренуі тез пайда болады. Сонымен қатар бұлшықет ауыруы және құрысулар пропиленгликоль ағзаға сүт қышқылына енгеннен кейін оның өзгеруімен байланысты болады. Салауатты өмір салтының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Денің сау болғың келсе, шынық!» тақырыбында 5-9 сынып оқушылары ашық аспан астында, таза ауада шаңғы тепті. Шаңғы тебу адамның бойындағы шыдамдылық, батылдық, ептілік, табандылық сияқты аса маңызды қасиеттерді жан – жақты дамытады. Өткізген денешынықтыру пәндерінің мұғалімдері Мұхамедхан Н. пен Бейсембай Т. Сонымен дұрыс тамақтаны мен салауаты өмір салтын сақтану бойынша түрлі формада сынып сағаттары, бейне роликтер көрсету бойынша іс-шаралар өткізілді.

8. Салауатты өмір салты, физикалық даму және психологиялық денсаулық дағдыларын табысты қалыптастыру үшін кеністік құру, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау мүмкіндігі. Қыркүйек айында дәстүрлі түрде спорттық жарыстар өткізілді. 2022-2023 оқу жылында барлық оқушылар медициналық тескерістен өткен. Оқушылардың бос уақытын ұамту мақсатында мектепте спорттық үйірмелер ұйымдастырылған. Қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі – 2022» акциясы өтті. «Салауатты сандарға жет!» мемлекеттік бағдарламаны орындау шеңберінде «Біздің денсаулығымыз өз қолымызда!» ұранымен акция өткізілді. Акция барысында жеке жоспар құрылып, түрлі спорттық іс-шаралар өтті. «Көңілді жарыс», «Денсаулық эстафетасы» спорттық сайыстар өтсе, «Дені саудың жаны сау» ұранымен сынып жетекшілер мен оқушылар таза ауаға табиғат аясына демалысқа шықты. Іс-шара соңында белсене қатысқан оқушылар марапатталды. Салауаты өмір салтын ұйымдастыру «Зиянды әдеттен аулақ бол!», «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!», «Есірткісіз келешек!», «Арман! Еңбек! Сенім» тақырыптарында флеш – мобтар өткізілді. «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Қорытынды: Дене шынықтыру тәрбиесі адам денсаулығын сақтап және нығайтады, дененің дұрыс дамып қалыптасуына әсерін тигізеді. Осы мақсаты іске асыруға мектепте салауатты өмір сүру негіздерін білу және ұстану, өз еркімен дене шынықтыру және спортпен шұғылдану дағдыларын қалыптастыру, денсаулықты нығайтуға және дене шынықтыруды дұрыс дамытуға ықпал жасау бойынша іс-шаралар толық жүзеге асты.

2023- 2024 оқу жылы

2023-2024 жылының тәрбие саласы бойынша негізгі ерекшеліктері:

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде тәрбие жұмысының жопары біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Мектепте тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтарға негізделі жұмыс жоспары құрылды.

2023- 2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша негізгі ерекшеліктердің бірі «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 жоба» жобалар шеңберінде іс-шаралар өткізу арқылы тәрбие жұмысын күшейту, мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

Сонымен қатар оқу жылында күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарын жазғанда әрбір пән мұғалімі жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіріп отырды. Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география пәндері арқылы оқушыларға еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды, шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сезіну, табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолданудың маңызды екендігін дәріптеп отырды.

Мектебімізде оқушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда төмендегі тақырыптар бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылды:

«Ар-ұят және жауапкершілік» «Біздің қоғамдағы әділеттілік» «Іс-әрекеттегі мейірімділік» «Мейірімділік құндылығы» «Күнделікті өмірдегі адалдық» «Этикалық құндылықтарды дамыту» «Отаншылдық және оның мәні» «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік», «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері», «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау», «Қоғам игілігіне қызмет ету», «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті», «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі», «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» «Құқықтық мәдениет және оның маңызы», «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

Оқу жылы шеңберінде жоспарға сәйкес білім алушылармен түрлі формада, тиімді әдіс - тәсілдер арқылы іс - шаралар ұйымдастырылып отырды. Барлық өткізілген іс- шаралар мектептің әлеуметтік желісіне жүктелген.

Оқу жылының басталуы алғашқы қоңырауға арналған іс – шарамен бастау алды. 1 қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені» салтанатты жиын өткізілді. «Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында 5-9 және 1- 4 сыныптармен сынып сағаттары өткізілді. Сонымен

қатар «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясына да мектеп оқушылары белсенді қатысты. #Bilim_qunіхэштегімен инстаграмға видеолар жүктелді.

Қыркүйек айының 5-нен бастап А. Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тілдер айлығы» ұйымдастырылды. Жоспар құрылып тілдер мамандары сол жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылды. Сынып сағаттары, ойындар, сайыстар, интеллектуалды ойындар өткізілді. Жауапты тілдер бірлестігі.

«Отбасы» күніне орай 5-6 сынып оқушыларының және ата-аналарының қатысуымен «Толағай» спорттық жарысы ұйымдастырылды. Ойын 2 топтан құралып, спорттық кезеңдер бойынша жарысқа түсті. Соңында қатысушылар марапатталып, сыйлықтар табысталды. Өткізген Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері.

«Ұстаздар күніне» орай «Дублер» күні өткізілді. 7-9 сынып оқушылары ұстаздар орнына сабақ беріп, сынып сағаттарын өткізді. Сонымен қатар, оқушылар таңертеңгі уақытта мектептің кіре берісінде ұстаздарды қарсы алып, мерекемен құттықтады. Сабақтан соң, “Ұстаз – ұлы тұлға” атты құттықтау және мерекелік концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бораншы Саулегул оқушыларды мектептің ережесімен таныстырды. Мектепте таныстырылған ережені сақтау әрбір баланың басты міндеті екеніне тоқталып өтті. Мектеп ережесіне сәйкес оқушыларға ұялы телефон әкелуге тыйым салынатындығы ескертілді. Сонымен қатар мектеп формасын сақтау олардың бірден бір міндеттері болып табылатындығына баса назар аударды.

Жолда жүру Ережелерін білесің бе?» тақырыбында бастауыш және негізгі саты оқушыларымен сынып сағатты өткізілді. Мақсаты: Балалардың қай жерде ойнауға және қай жерде ойнамау туралы білімдерін кеңейту. Ойын арқылы бағдаршам, негізгі жол, жиек жол, машина түрлері жайында нақтылай білім беру. Қарапайым көшеде жүру ережелерін естеріне сақтау. Өзара сыпайы болуға, ізеттілікке тәрбиелеу.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы негізінде өткізілген іс-шаралар «Сергіту сәті» челленджі

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы негізінде Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде әр сайын іс – шаралар ұйымдастырылды.

Қыркүйек айының 8 күні сағат 12.00. «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Өткізілген челлендж мектептің әлеуметтік желі инстаграмм парақшасына салынды.

Әнұран айту» челленджі

Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен

қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады. Осы қасиетті оқушылардың бойынша сіңіру мақсатында қазан айының 23 күні сағат 12:00 Үшқұлын жалпы негізі білім беру мектебінде әнұранды орындады.

Мақсаты:білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері:білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту; еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету; білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру. Әлеуметтік желіге салынды

«АСЫҚ АТУ» челленджі

Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Осы ойынның қыр – сырын оқушыларға түсіндіру және «Бес мергендікке баулу мақсатында мектепте «Бес табан» ойыны өткізілді.

Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

Міндеттері:қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау; қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеу; оқушыларды асық ойынына баулу.

Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі

Челлендж оқушылардың эссе жазуға бағытталған, осылайша эссе жазу арқылы өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. 5-9 сынып оқушылары "Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім", "менің болашағым", "менің елім үшін болашағым" тақырыптарға эссе жазу ұсынылды.

Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу

Міндеттері: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру

Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

«Қазақ есебі» челленджі

Математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді.

Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді. Оқушылардың бойына осы қабілеттерді қалыптастырып дамыту мақсатында жоғары сынып оқушыларымен математика пәндерінің мұғалімдері

«Қазақ есебі» челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-

математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шығару іс – шарасын ұйымдастырды.

«Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету. **Міндеттері:** Білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту; Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту; Математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету.

«Домбырашылар» челленджі

Домбыра – қазақ халқының қастерлі ұлттық музыкалық аспабы екенін оқушылардың санасына жеткізу мақсатында наурыз айының 17 күні мектеп оқушылары «Домбырашылар» челленджіне белсене атсалты. Мақсаты – балалар мен жастардың, ұстаздар мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны насихаттау.

«Шахмат ойнау» челленджі

Сәуір айының 12 күні мектеп оқушылары арасында «Шахмат ойнау» челленджі негізінде шахмат жарысы өткізілді. Мақсаты: Шахмат – жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар екенін оқушыларға түсіндіре отырып келе, білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

«4 тоқсан – 4 жоба» жобалар шеңберінде бастауыш сынып мұғалімі А. А. Ақберген «Айтыс өнері» туралы сынып сағатын өткізді. Ұлттық құндылықтың бірі қара домбыраның қасиетін насихаттау мақсатында оқушылар мен бірі мен бірімен айтысып, өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларымен де сынып сағаты және дебат ұйымдастырылды. Мақсаты: Айтыс өнерінің майталмандары туралы ақпарат бере отырып, оқушылар бойына адамгершілік қасиетті сіңірумен қатар ұлттық тәрбиені насихаттау.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске т асыру үшін 24 қазан күні көркем жетекші мен басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бораншы С. ұйымдастырумен 7-5 сынып оқушылары арасында айтыс өнері ұйымдастырылды. «ҰЛТТЫҚ ӨНЕР» көрмесі ұйымдастыру мақсатында наурыз мерекесіне орай ұлттық нақышта мектеп дәлізінде оқушылармен бірге көркем еңбек пәнінің мұғалімдері көрме ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемнің бейнесін елестетуге баулу, ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу және мәдени мұраны қайта жаңғыртуға өз үлестерін қосуға талаптандыру.

Республика күнін атап өту аясында 2023 жылғы қазанның 16-ы мен 25-і аралығында ауданнан келіп түскен жоспар негізінде Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде жоспар құрылып, түрлі форматта іс-шаралар өткізілді.

17 қазан күні «Ұлттық ойындар күні» өтті. денешынықтыру пәндерінің мұғалімдері М. Мұхамедхан пен Т.А. Бесембай 5-9 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақ, қол күрес, арқан тартыс сияқты ұлттық ойындар ойнатты. Мақсаты: Оқушыларға «Қазақтың ұлттық ойындары» туралы мәлімет беру. Оқушылардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеу.

Іс шараға оқушылар атысып белсенділік танытты. Барлығы 20 оқушы қамтылды. 18-25 қазан аралығында «Қыран елім-Қазақстаным» жалпы ұлттық патриоттық акциясы аясында патриоттық шығармаларды мәнерлеп оқу бойынша облыстық челленджді мектебіміздің оқушылары жалғастырды. Ұйымдастырған қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері Қ. Бақыт және М.Т. Дулат.

«Қыран елім Қазақстаным!» атаумен мектебімізде патриоттық челлендж Республика күні қарсаңында жалынды өлең шумақтарын оқып, кейін оны басқа оқушыларға жолдады. Осылайша әлеуметтік желі арқылы елдің рухын көтеріп, айтулы мерекенің мәртебесін арттыруға үлестерін қосты. 6-сынып оқушысы Азасир Баянның оқыған өлеңі Павлодар облысы білім басқармасының әлеуметтік желісіне салынды. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары да челледжге қатысып, өздері жаттаған өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Оқушылар өз елдерінің патриоты екенін дәлелдеді. 19 қазан күні дебат клубының жетекшісі Мұхамедхан Нұрдаулеттің ұйымдастыруымен Республика күніне арналған «Жастар мәдениетін қалыптастыр» тақырыбында дебат өтті. Оқушылардың еліне, жеріне деген патриоттық сезімін арттыра отырып, Қазақстан Республика күні ұлттық мереке болып табылатындығы жайында сөз болды. Тарихпен байланыстыра отырып, оқушыларға көптеген тиімді мағұлматтар берілді. Әр кезеңде ашық ой алаңында топтар бір - біріне қосымша сұрақтар қойып, ойларымен бөлісті. Жоспарға сәйкес 23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қыран елім-Қазақстаным» жалпы ұлттық патриоттық акциясы шеңберінде Мемлекеттік Әнұранды жаппай орындау және мемлекеттік туды (оның ішінде оқушылар дайындаған туды) терезелерге орналастыру жөніндегі акция өтті. Акцияға мектеп оқушылары, ұстаздары қатысты. Мақсаты: Оқушылардың еліне және жеріне деген патриоттық сезімдерін ояту. Ән ұранға деген құрметтерін артыру. 24 қазан күні бастауыш сынып оқушылары мен 5-9 сынып арасында бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты: ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру. Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру, білім алушылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық

құндылығын дарыту. Жарқырап жанған күндей азаттығы, көрінер ұлтымның да ғажаптығы. Республика күнімен құттықтаймын, Өйткені ол - Ұлт күні, Қазақ күні! өлең шумақтарымен сынып сағатын қорытынды жасады. Іс шарға барлық оқушылар 100 пайыз қамтылды. Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Осы ойынның қыр – сырын оқушыларға түсіндіру және «Бес мергендікке баулу мақсатында мектепте «Бес табан» ойыны өткізілді.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес бастауыш сынып мұғалімдері «Тәуелсіздігім – баға жетпес байлығым» тақырыбында танымдық сағатын ұйымдастырды. Мақсаты: Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы – халықтың әл – ауқатын жақсартып, ынтымағын арттырып, елді дамыудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам екендігін түсіндіру. Оқушыларды патриоттыққа, Отанды сүйуге, тәуелсіз елімізді қастерлеуге тәрбиелеу.

Бастауыш сынып оқушыларына сынып сағатын бастамас бұрын Отан деген не сұрағы арқылы ассоциация әдісі арқылы қызығушылықтарын оятты. Әрбір оқушы өз ойын нақтылап жеткізді. Мұғалім тәуелсіздік туралы қысқаша мәлімет бере келіп, слайд арқылы ойын ұштастырды. Танымдық сағатына барлығы 20 оқушы қатысты.

Тарих пәнінің мұғалімі Б.Б. Мирзабаев «Тәуелсіздік – басты байлығымыз» тақырыбында танымдық сағатын ұйымдастырды. Мақсаты: Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау бүгінгі жас ұрақтың басты мұраты екенін түсіндіру. Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт екендігін атап өтті. Жаңа ғасырда қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болуы ол қазіргі жастар, яғни сіздердің қолдарыңызда деп ойын аяқтады. Мектеп кітапханашысы Г.М. Сағынтаеваның ұйымдастыруымен мектеп дәлізінде «Тәуелсіздік халқымыздың санғасырлық арманы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыра отырып, тәуелсіздік туралы жазылған естеліктерімен таныстыру. Оқушыларға көрмеде қойылған кітаптар мен буклеттер жайында қысқаша мәлімет берілді. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді.

«Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында мектеп оқушылары арасында спорттық сайыс өтті. Оқушылар белсенді қатысып, жеңіске жеткен топ

мақтау қағазымен марапатталды. «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» танымдық - тарихи сағатын 5-9 сынып оқушыларымен Арықпанова Толқын өткізді. Мақсаты: оқушылардың тәуелсіздік күні жайлы түсініктерін кеңейту.

Танымдық сағатын барысында оқушыларға тәуелсіздік туралы ақпараттық түсініктеме берілді. Желтоқсан оқиғасы салдарынан қаза болған жазықсыз жастардың рухына бас иіп, бір минут үнсіздікпен еске алды. Оқушыларға «Тәуелсіздікке қалай жеттік?» айдарымен видео - материалдар көрсетілді. «Желтоқсан желі» әні қойылды. Оқушыларға тұғыры биік, еңсесі жоғары, егеменді елді қорғау солардың қолында екендігімен аяқтады. Тәуелсіздікке байланысты жоспарланған іс-шаралар уақытылы, талаптарға сай, оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп өткізілді. Барлық өтілген іс-шаралар мектептің әлеуметтік желісіне жүктелді.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу. Челлендж оқушылардың эссе жазуға бағытталған, осылайша эссе жазу арқылы өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. 5-9 сынып оқушылары "Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім", "менің болашағым", "менің елім үшін болашағым" тақырыптарға эссе жазу ұсынылды. Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай кітапханашы Сағынтаева Г.М. ұйымдастыруымен іс-шара өткізілді. Оқушылар отбасымен бірге ақын өлеңін жатқа айтып, өлең мазмұны бойынша сурет салды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасымен оқимыз!» бейнеролик түсірілді. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Сырлы әлемге саяхат» атты кітап оқу жұмысы ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде 14-23 наурыз аралығында өтетін НАУРЫЗНАМА» тақырыбында іс-шаралар өткізілді. 14 наурыз- Көрісу күні «Амал келді – жыл келді» Мақсаты: Оқушыларға ұлттық тәлім - тәрбие беру. Өз ұлтының салт-дәстүрлерін ұстанып, қадірлеуге тәрбиелеу. Балаларға қоршаған әлемнің тұтас бейнесін адамдар мен табиғат әлемінің арасындағы өзара байланыс пен тәуелділігін түсінуін қалыптастыру. 15 наурыз- Қайырымдылық күні. Көп балалы, аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы балаларына қайырымдылық жасау. Мектептің «Мирас» ұлдар клубы мен мектеп педагогтары ауылдағы бір отбасыға көмек көрсетті. 16 наурыз-Мәдениет және ұлттық салт дәстүр күніне орай мектепте оқушылар арасында ұлттық ойындар өткізілді. Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін және ұлттық киімдерінің мәні мен мағынасын үйлесімділігі туралы айта отырып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту және эстетикалық тәрбие беру мақсатында оқушылар,

педагогтар, кіші қызметкерлер 1 апта бойын ұлттық киіммен жүру челленджіне белсене қатысты. Көктем – табиғаттың жаңарып, тіршілік қайта жанданатын мезгіл. Наурыз наманың тағы бір бөлігі жаңару. Жалпы адамзат әуелден ескі жаманнан арылуды, жаңа жақсымен қауышуды қалайды. 19 наурыз күні мектебімізде оқушылар сыныптарына, тазалық жұмыстарын жүргізіп, гүлдерді жаңартып отырғызды. Еріктілер тобы мектеп ауласын тазартып наурыз мейрамына дайындық жұмыстарын жүргізді. 20 наурыз – ұлттық спорт күні «Бабамыздан қалған асыл қазына» қазақтың ұлттық ойын түрлерінен сайыс ұйымдастырылды. Ойын басталмас - бұрын пән мұғалімдері оқушыларға ұлттық ойындармен таныстырып бейне жазба көрсетілді. Наурыз мерекесіне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» іс асыру мақсатында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіре келе еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында түрлі тақырыптарда сынып сағатары мен іс - шаралар толық түрде өткізілді. Сынып жетекшілер Атаның өсиетін тыңдайтын отбасы татулығы мен берекесін қадірлейтін, ұлттық мұраны қастерлейтін, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтейтін, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтаудың маңызын түсінетін, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаттарын өткізді.

Ата -аналармен жұмыс

Ата - аналардың мектеппен тығыз жұмыс жасадағы мақсаты балалардың мектеп өмірінде сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін оқу-тәрбие үрдісіндегі іс-шаралардың талапқа сай деңгейде ұйымдастырылуына ат салысу. Мектептің ішкі - сыртқы тәртіп ережелеріне көңіл бөле отырып, ұсыныстар жасау, көмек беру. Оқушылардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Мектеп өмірімен тұрақты байланыс орнату;
2. Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету;
3. Ата-аналар ұжымын құру;
4. Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру;
5. Мектеп өмірінде өткізілетін түрлі тәрбиелік шараларға қатынасу, материалдық жағынан көмек беру;
6. Түрлі рейдтер ұйымдастыру;
7. Оқушы қауымының алаңсыз білім алуына барынша жағдай жасау;
8. Ұстаздар қауымымен бірлесе қызмет ету;
9. Ұстаздар мен оқушылардың құқықтарын қорғау.

Жоғарыда көрсетілген міндетерді іске асыру мақсатында жыл сайын ата - аналармен бірлесе атқарылатын жұмыс жоспары құрылады. Сол жоспарға сәйкес ата - аналарға мектеппен тығыз байланыс ортауға мүмкіндік

туындайды. Сонымен қатар сынып жетекшілермен ата - аналар жеке жоспар бойынша жұмыс атқарады. Ата - аналар комитеті үнемі мектептің қоғамдық, мәдени іс – шараларының өтуіне өзіндік ықпал жасайды. Дегенмен ата - аналарды 100 пайыз тарту мүмкіндігі төмендеу.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың төмендегі түрлері енгізілді:

1. Лекциялар, семинарлар
2. Ұйымдастырушылық-әдістемелік ойын түріндегі сабақтар
3. Психологиялық – лекциялар, семинарлар, тренингтер

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы және Облыстық басқармасының 2017 жылғы 21.08.№764 бұйрығы негізінде Үшкұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде «Қамқоршылық кеңес» құрылды. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мектепке қолдау көрсету. Оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамтамасыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу және оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу мақсатында ережеге сәйкес жазбаша келісіммен қамқоршылық кеңес төмендегідей құрамда бекітілді:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

1. Хапаш Жанбота
2. Сағынтаева Гүлзайра Мұхатайқызы
3. Искакова Марзия Сағадатовна
4. Ескенова Ботагөз Сағынтева
5. Төлегенова Қымбат Рамазанқызы
6. Ыбрай Күлихан
7. Кенжебаева Гүлмира

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасы аясында әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Атааналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады. Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету. Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде мектепте бұйрық шығарылып, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»

жұмысын ұйымдастыру қызметін жүзеге асырылды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылды. Әр түрлі жастағы: 1–4-сынып пен 5–9-сынып оқушыларының ата-аналары үшін дайын берліген тақырыптар бойынша ата - аналармен түрлі формада жиналыс жоспары бекітілді. Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтыды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілді. Орталықтың сабақтары бекітілген кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке ұйымдастырылды. Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдері тартылды. Мектеп бойынша ата-аналардың қатысуымен түрлі формада тренингтер өткізілді.

Зорлық - зомбылықтың алдын - алу бойынша іс- шаралар. 2021- 2022 оқу жылы

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде ұлдар мен қыздар арасында жыныстық тиіспеушілікке, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түрлі формада іс- шаралар ұйымдастырылды. Майқайың кенті Үшқұлын ауылының учаскелік инспекторы Муканов Кайр Кылышбекович пен Баянауыл аудандық кәмелет жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы Нығмет Дидар Қайроллаұлымен 5-9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға зорлық - зомбылық пен жыныстық тиіспеушілік бойынша түсіндіру, ағарту жұмыстарын жүргізді.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанға байланысты мектепшілік жоспар құрылып, жоспарға сәйкес іс- шаралар ұйымдастырылды. «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында науқанның ашылуымен басталды. Әр пән мұғалімдері сабақтарында оқушыларға «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» туралы 5 минуттық ақпарат берді. «Балалық шақ - мейірімділік мекені» атты ата- аналарға, оқушыларға ақпараттық стенд дайындалды. «Жасөспірім және көше» ұранымен кешкі уақытта оқушылардың қауіпсіздігін бақылау мақсатында құрылған кестеге сәйкес мұғалімдер мен ата- аналар кешкі рейдке шықты. Рейдке шыққан уақытта кешке далада жүрген оқушылар анықталмады. Балаларға зорлық – зомбылық пен қатыгездікпен қарауға қарсы іс- қимыл шеңберінде 2- 6 сынып оқушылар арасында сурет және шығармашылық байқауы өткізілді. Сурет байқауына оқушылар белсене атсалысты. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бораншы Сәулегүлдің ұйымдастыруымен «Біз әлемді өзгертеміз, зорлықсыз әлемді қалай құруға болады» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында эссе жазу ұйымдастырылды. Әрбір оқушы эссе жазуды өз ойын ұтымды, нақты жеткізе білді. Бүгінгі қоғамда болып жатқан зорлық – зомбылықты мысалға ала отырып, болашақта жасөспірімдер арасында зорлық болмаса екен деген тілектерін білдірген. Әлеуметтік педагог Арықпанова Толқын «Қазақстанда Республикасындағы балалардың құқытары және олардың міндеттері» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда зорлық «Әлем бойынша ең өзекті мәселе екеніне тоқталып өтті. Қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін – бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір деген ұғымдарды оқушылардың санасына жете түсіндірілді. Мектептің педагог – психологы «Қазақстандағы Отбасы институты және оның құндылықтары» атты психологиялық тренинг ұйымдастырды. Тренингтің мақсаты салауатты ұрпақ тәрбиелеудегі мектеп пен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру. Іс – шараға 5-9 сынып оқушылары қатысты. Сонымен қатар аға тәлімгер Бақыт Қарлығаш және бастауыш сынып мұғалімі Шокина Зәру Рахымжанқызының ұйымдастыруымен 5-9 сынып пен 2-4 сынып оқушылары арасында «Біз зорлық -

зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы түсінік беру. Тұрмысттық зорлық – зомбылық жасалған жағдайда заң жүзінде жазаланатындығы туралы айтып өтті. Сынып сағатына жалпы 34 оқушы қамтылды. Бастауыш сынып та жеке жоғарғы сыныпта жеке ұйымдастырылды. Оқушыларға слайдтар көрсетілді. Іс-шара соңында оқушылар өз ойларын ортаға салды. Ата-аналарға отбасындағы зорлық-зомбылық, оның түрлері туралы әлеуметтік педагог Арықпанова Толқын шағын дәріс оқылды. Тренинг барысында ата-аналарға әр түрлі жағдаяттық сұрақтар беріліп, талданды. Одан әрі балаға қатысты кейбір жағдайды алдын-алу үшін ата-аналарға кеңестер айтылып, кездесуімізді қорытындылау мақсатында ата-аналарға дайындалған брашуралар таратылды.

«Зорлық - зомбылық және қатыгездік» мәселелерін талқылау мақсатында мектептің дебат клубының жетекшілері Абусейтов Батырхан және Мұхамедхан Нұрдәулет 7-9 сынып оқушыларымен түсіндіру жұмысын ұйымдастырды. Оқушыларға зорлық – зомбылыққа байланысты бейне жазбалар көрсетілді. Әс-шара соңында оқушылар ой бөлісіп, талқылады.

Жалпы қорытындылай келгенде жоспарланған іс-шаралардың барлығы ұйымдастырылды. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары өте жоғары деңгейде өтті. Оқушыларға өмірде керекті ақпараттар берілді.

Зорлық - зомбылықтың алдын - алу бойынша іс-шаралар.

2022-2023оқу жылы

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде 2022 жылғы 8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар мектепшілік жоспар құрылып, жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды. «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында науқанның ашылуымен басталды. Әр пән мұғалімдері сабақтарында оқушыларға «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» туралы 5 минуттық ақпарат берді. «Балалық шақ - мейірімділік мекені» атты ата-аналарға, оқушыларға ақпараттық стенд дайындалды.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Бораншы сынып жетекшілер отырысында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанын өткізу туралы аудандық білім бөлімінен келіп түскен концепцияның мақсаты мен міндетін түсіндіріп, жоспармен таныстырып өтті. Сонымен қатар 9-сыныптың сынып жетекшісі Бақыт Қарлығаш және бастауыш сынып мұғалімі Жапан Болорманың ұйымдастыруымен 5-9 сыныптарда «Біз зорлық -зомбылыққа қарсымыз», 1-4 сынып оқушылары арасында «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларға зорлық- зомбылық туралы түсінік беру. Тұрмысттық зорлық – зомбылық жасалған жағдайда заң жүзінде жазаланатындығы жайында толық ақпарат айтылды. Сынып сағаттарына жалпы 33 оқушы қамтылды. Бастауыш сыныпта жеке жоғарғы сыныпта жеке ұйымдастырылды. Оқушыларға слайдтар көрсетілді. Жоғары сынып оқушылары алған ақпараттары бойынша кері байланыс жасады.

Ата-аналарға отбасындағы зорлық- зомбылық, «Отбасы және бала тәрбиесі тақырыбында» педагог Арықпанова Толқын шағын дәріс оқылды. Мектептің педагог – психологы Булғанбай Бижан «Отбасы және оның құндылықтары» атты психологиялық тренинг ұйымдастырды. Тренингтің мақсаты салауатты ұрпақ тәрбиелеудегі мектеп пен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру. Тренинг барысында ата-аналарға әр түрлі жағдаяттық сұрақтар беріліп, талданды. Одан әрі балаға қатысты кейбір жағдайды алдын-алу үшін ата-аналарға кеңестер айтылып, кездесуімізді қорытындылау мақсатында ата-аналарға дайындалған брашуралар таратылды.

Әлеуметтік педагог Арықпанова Толқын «Қазақстанда Республикасындағы балалардың құқытары және олардың міндеттері» тақырыбында Үшқұлын ауылының учаскелік инспекторы К. Мукановтың қатысуымен ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда зорлық «Әлем бойынша ең өзекті мәселе екеніне тоқталып өтті.

Қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін – бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір деген ұғымдарды оқушылардың санасына жете жеткізді.

Бүгінгі қоғамда болып жатқан зорлық – зомбылықты мысалға ала отырып, болашақта жасөспірімдер арасында зорлық болмаса екен деген тілектерін білдірген. «Жасөспірім және көше» ұранымен кешкі уақытта оқушылардың қауіпсіздігін бақылау мақсатында құрылған кестеге сәйкес мұғалімдер мен ата-аналар кешкі рейдке шықты. Рейдке шыққан уақытта кешке далада жүрген оқушылар анықталмады. Оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық сайыс өтті. Ұйымдастырушы денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бейсембай Тұрар Аманбекұлы. Спорттық сайыста 7-9 сынып оқушылары қамтылды.

Балаларға зорлық – зомбылық пен қатыгездікпен қарауға қарсы іс-қимыл шеңберінде 1-6 сынып оқушылар арасында сурет және шығармашылық байқауы өткізілді. Сурет байқауына оқушылар белсене атсалысты. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бораншы Сәулегүлдің ұйымдастыруымен «Біз әлемді өзгертеміз, зорлықсыз әлемді қалай құруға болады» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында эссе жазу ұйымдастырылды. Әрбір оқушы эссе жазуды өз ойын ұтымды, нақты жеткізе білді.

«Зорлық - зомбылық және қатыгездік» мәселелерін талқылау мақсатында мектептің дебат клубының жетекшілері Абусейтов Батырхан және Мұхамедхан Нұрдәулет 7-9 сынып оқушыларымен түсіндіру жұмысын ұйымдастырды. Оқушыларға зорлық – зомбылыққа байланысты бейне жазбалар көрсетілді. Іс-шара соңында оқушылар ой бөлісіп, талқылады.

Барлық ұйымдастырылған іс-шаралар мектептің инстаграм парақшасына жүктелді. Аудандық Баянтау газетіне аға тәлімгер Мұхамедхан Ақкүміс бір мақала жіберді

Зорлық - зомбылықтың алдын - алу бойынша іс-шаралар.

2023-2024 оқу жылы

Оқу жылының басында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» жоспары жасалып бірінші жарты жылдық бойынша түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мақсаты:

1. Балаларға қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару;
2. Қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру;
3. Балаларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

Міндеттер:

- 1) Балалардың құқықтары туралы қоғамның хабардарлығын арттыру;
- 2) Ата-аналарды, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды Балалардың құқықтарын қорғау мен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарту;
- 3) Балалар мен жастарды оларға бағдарланған бағдарламалар мен саяси шараларды әзірлеу және іске асыру процесіне тарту.

Ақпараттық дайындық жұмыстарын ұйымдастыру үшін басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бораншы Сәулегүл Павлодар облысының білім басқармасынан келіп түскен жоспар негізінде мектепшілік жоспар құрды. Сынып жетекшілер отырысын ұйымдастырып балаларға қатысты зорлық - зомбылық әрекеттерінің алдын алу бойынша сынып жетекшілердің қызметінің тиімділігін арттыру мәселелеріне тоқталып, жоспармен таныстырды.

Жоспарға сәйкес педагог – психолог Дулат М. «Буллинг – кибербуллинг» тақырыбында 5-9 сынып оқушылармен тренинг өткізді. Мақсаты: Буллингтің және кибербуллингтің алдын алу. Оқушылар арасында достық, жылы қарым – қатынас орнату. Жасөспірімдердің агрессиясын бәсеңдету. Ұрыс кезінде өз - өзін ұстай алу дағдысын дамыту.

Іс-шара барысында педагог – психолог оқушыларға кіріспе ретінде бір - бірімізге қарап жымыямыз атты тренингпен бастады. Оқушыларға слайд арқылы буллинг және

кибербуллинг туралы және оның белгілерін, себептерін, алдын алу жолдарын, ондай жағдай болғанда қандай әрекетке бару керектігін баяндап, түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар «Ұшақ» әдісі арқылы психологиялық тренинг өткізілді. Оқушыларға ақпараттар беріліп, өздеріне қандай жақсы тілек тілейтіндерін жаздырып бір - біріне ұшырды.

Іс- шара соңында оқушыларға әлемді ақ пен қараға, жақсы мен жаманға бөлуге болмайтындығын түсіндірді. Өмір өзінің түрлілігімен әдемі деген оймен қорытынды жасады.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бораншы Саулегул «ХАБАРЛАСЫҢЫЗ!, КӨМЕКТЕСЕМІЗ» айдарымен оқушылармен ашық әңгіме жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық - зомбылық туралы мағлұмат беру, біреуге зорлық көрсету адам бойындағы ең жаман қасиет екенін түсіндіру. Іс- шара ашық әңгіме ретінде ұйымдастырылды. Оқушыларға қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы уайым қайғысыз өмір деген тұжырым айтылды. Оның кепілі - заңдылық екенін жеткізді. Іс- шара соңында әрбір оқушы өз ойын тұжырымдап айтып өтті.

«Біз салауатты келешек үшін!» тақырыбында мұғалімдер мен оқушылар арасында спорттық сайыс өткізді. Спорттық сайыста түрлі қимыл – қозғалыс ойындары ойнатылды. Мақсаты: оқушылардың салауатты өмір салтын сақтап, бір - біріне деген сыйластық сезімдерін ояту. Мектеп оқушылар арасында зорлық – зомбылықтың болмауына ықпал ету, бос уақыттарының көп бөлігін мектептегі іс- шараларға қатысуға жұмсау арқылы құқықбұзушылық, әлімжеттіліктің алдын алу.

Оқушылар спорттық сайысқа белсене қатысты. Түрлі сайыстарда үш команда болып жарысып ептілікпен, шапшаңдықпен қатысқан команда оқушылары марапатталды. Әлеуметтік педагог Арықпанова Толқынның ұйымдастыруымен «Жастар арасындағы құқықтық аспектілер», «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында құқықтық сағат өткізді. Құқықтық сағатқа 5-9 сынып оқушылары қамтылды. Мақсаты: Ертеңгі елдің болашағы - ұрпақ санасына үлкен міндетті сіңіріп, егеменді елдің өз құқығын қорғай білетін ұлы азаматтарын тәрбиелеу. Құқықтық сағат 4 бөлімнен тұрды:

1. Оқушылар өздерін таныстырды.
2. «Біз неге құқылымыз?»
3. «Жағдаяттық сұрақтар»
4. Пікір сайыс.

Кіріспе бөлімде мұғалім оқушыларға қысқаша құқық туралы түсініктеме беріп өтті. Оқушыларды екі топқа бөліп, топтар берілген сұрақтар мен жағдаяттарды бірлесе отырып орындады. Іс шара соңында Қазақстан егемеді және тәуелсіз ел екендігін айта отырып қорытынды жасады.

4 сынып оқушылары арасында бастауыш сынып мұғалімі Бещенбаева Кенжегул Нұртайқызының ұйымдастыруымен «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық - зомбылық туралы мәлімет беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін жеткізді.

Іс- шара барысында оқушыларды екі топқа бөлінді. Топтарға бақытты балалық шақ деген не? Сұрағы арқылы ассоциация әдісі бойынша ойларын ортаға салды. Келесі кезекте «Жетім бала» әңгімесін оқып, талдады. Іс- шара соңында оқушыларға мұғалім сұрақ қою арқылы ойларын қорытындылады. Іс- шараға оқушылар белсене қатысты.

Жоғары саты оқушыларымен сынып жетекші Абусейтов Батырхан Курманғалиевич зорлық – зомбылық тақырыбында сынып сағатын ұйымдастырды. Іс- шараға 5-9 сынып оқушылары қатысты. Оқушыларға сынып сағатын бастамас бұрын отбасындағы жағдайға байланысты видеоның басты бөлігі көрсетілді. Кейін оқушылардан видео не жайында, не көрдік деген сұрақтар арқылы сынып сағатының тақырыбына шықты. Сонымен қатар зорлық- зомбылық туралы ақпараттық түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Слайд көсетілді. Іс –шара соңында оқушыларға сұрақтар қойып пікірлерін тыңдады. Зорлық -

зомбылықтың алдын алу жоспары бойынша ата - аналар арасында «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жалпы жиналысқа 12 ата - ана қатысты. Ата - аналарға қоғамдағы және айналадағы болып жатқан зорлық - зомбылықтар туралы ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Слайдтар мен видеолар көрсетілді. Әлеуметтік педагог Арықпанова Толқын жалпы ауыл арасында болсын, мектепте болсын оқушылар арасында әлімжеттік жоқ екендігін тілге тиек ете отырып оқушылардың құқықтары туралы ата - аналарға айтып өтті. Мектептің педагог –психологы Дулат Мөлдір ата - аналар арасында «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: отбасындағы жайлы ахуалды сақтауға ықпал ету. Баланың қылықтарына түсіністікпен қарап, оны толықтай қабылдай алуына көмектесуге кеңес берді. Тренинге ата - аналар белсенді қатысты. Мектебіміздің дебат клубының жетекшісі Мұхмедхан Н. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында оқушылар мен педагогтар арасында пікір сайыс өткізді. Пікір сайысқа 4 команда қатысты. Ашушы үкімет және жабушы үкімет. Мұғалімдер мен оқушылар қоғамдағы болып жатқан келеңсіз оқиғаларды негізге ала отырып өз ойларын ортаға салды. Нақыт дәлелдер мен аргументер келтіре отырып нақты пікір сайысқа түсе білді. Тақырыпты ашу барысында тартымды және ұшқыр ойлы пікірлер айтылды.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі бойынша «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» жоспары толығымен іске асырылды. Барлық өткізілген іс- шаралар мектептің әлеуметтік желісіне жүктелген.

Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінде «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы жыл сайын ұйымдастырылады. Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына мектепке дайындық кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша 1 қыркүйекте мектепке балалардың келмей қалуының алдын алу мақсатында ұйымдастырылады. Акциясы барысында билбордтар мен баннерлер ілінеді. Мектепте қайырымдылық бұрышы жасалып, басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып сынып жетекшілер және ата-аналардың қатысуымен жиналыс өткізіледі де көмекке мұқтаж білім алушылар базасы құрастырылады.

Мектептегі әлеуметтік санаттарға жататын оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылдары	Әлеуметтік санттары				
	Көп балалы оқушылар саны	Азқамтылған оқушылар саны	Жартылай жетім оқушылар	Толық емес отабсы оқушылары	Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы
2021-2022	11	5	0	0	1
2022-2023	7	5	1	1	1
2023-2024	13	5	3	5	1

Қорытынды: Мектепте оқушылардың әлеуметтік санатына байланысты көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың саны өссе, азқамтылған оқушылар саны азайды. Биылғы оқу жылында толық емес отбасынан екі оқушы, жартылай жетім отбасынан 2 оқушы қойылды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушыны саны еш өзгеріссіз қалды.

2021 -2022 «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін 11 білім алушы анықталды:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Азнасир Баян	3	Көп балалы
2	Азнасир Ақтілек	7	Көп балалы
3	Амангелді Нурислам	6	Көп балалы
4	Аман Айбар	6	Көп балалы
5	Анес Аңсат	3	Көп балалы
6	Анес Аймерей	5	Көп балалы
7	Әнес Асылай	7	Көп балалы
8	Жеңіс Ақерке	6	Көп балалы
9	Жеңіс Санжар	5	Көп балалы
10	Талғат Азамат	6	Көп балалы
11	Талғат Айбек	7	Көп балалы


2022 -2023 «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін 9 білім алушы анықталды:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Азнасир Айбота	1	Көп балалы
2	Нұрғалам Динара	7	Азқамтылған
3	Жеңіс Ақерке	7	Азқамтылған
4	Азнасир Баян	5	Көп балалы
5	Амангелді Нурислам	7	Көп балалы
6	Аман Айбар	7	Көп балалы
7	Талғат Айбек	8	Көп балалы

8	Сапаш Дина	8	Азқамтылған
9	Азнасир Ақтілек	9	Көп балалы

2023 -2024 «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін білім алушы анықталды:


№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Айболатұлы Дамир	1	Көп балалы
2	Бақытхан Дидар	1	Көп балалы
3	Болатбек Жантөре	2	Көп балалы
4	Айболатұлы Ернұр	2	Көп балалы
5	Болатбек Інжу	2	Көп балалы
6	Айболатұлы Асанәли	4	Көп балалы
7	Болатбек Айнұр	4	Көп балалы
8	Сапаш Даяна	5	Азқамтылған отбасы
9	Жеңіс Санжар	7	Көп балалы
10	Жеңіс Ақерке	8	Көп балалы
